5. Derakhshan, A., & Khatir, E. D. (2015). The effects of using games on English vocabulary learning. Journal of Applied Linguistics and Language Research, 2(3), 39-47.
6. Hidayat, N. (2016). Improving students' vocabulary achievement through word game. *Journal of English Educators Society*, *1*(2), 95-104.
7. Masri, A. A., & Najar, M. A. (2014). The effect of using word games on primary stage students achievement in English language vocabulary in Jordan. *American International Journal of Contemporary Research*, *4*(9), 114-152.
8. Perveen, A., Asif, M., Mehmood, S., Khan, M. K., & Iqbal, Z. (2016). Effectiveness of language games in second language vocabulary acquisition. *Science International*, *28*(1).
9. Stojković, M. K., & Jerotijević, D. M. (2011). Reasons for using or avoiding games in an EFL classroom. In *1st International Conference on Foreign Language Teaching and Applied Linguistics*.
10. Vasileiadou, I., & Makrina, Z. (2017). Using Online Computer Games in the ELT Classroom: A Case Study. *English Language Teaching*, *10*(12), 134-150.
11. Wells, J. C., & Narkon, D. E. (2011). Motivate students to engage in word study using vocabulary games. *Intervention in School and Clinic*, *47*(1), 45-49.

УДК 378. 14

Шналиева С.,
Магистрант
«7М01711-Шет тілі педагогтарын дайындау»
Абылай хан атындағы Қаз ХҚ және ӘТУ
Алматы, Қазақстан
e-mail: nurzhanovna99@mail.ru

КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Түйін: Аталмыш мақалада болашақ шет тілі мұғалімдерінің шет тілін оқытудағы ерекшеліктері, шет тілін қалыптастырудың ғылыми негіздері және шет тілін оқыту барысында жүзеге асырылуы тиіс іс-әрекеттері қарастырылады. Қазіргі уақытта оқу орындарында шет тілін оқыту мәселесі өзекті болғандықтан, болашақ шет тілі мұғаліміне артылатын міндет те аз емес. Сондықтан осы мәселені қолға алу үшін болашақ шет тілі мұғалімі

бойында болуы керек қасиеттер, өз пәнін жетік білу мен педагогикалық әдістемесі жайында осы мақалада баяндалады.

Тірек сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, шет тілі, шет тілі мұғалімі.

Shnaliyeva S.,
Master's degree student
«7M01711- training of foreign language teachers»
Ablaikhan
KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: nurzhanovna99@mail.ru

SCIENTIFIC BASES FOR THE DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS IN FOREIGN LANGUAGE EDUCATION

Abstract: This article discusses the features of future teachers of a foreign language in education, the scientific basis for the formation of a foreign language, as well as the activities that should be carried out when teaching a foreign language. At present, the problem of teaching a foreign language in general education institutions is relevant, so the future teacher of a foreign language faces a lot of tasks. Therefore, to solve this problem, this article describes the qualities that a future teacher of a foreign language should have, a thorough knowledge of his subject and pedagogical methodology.

Key words: communicative competence, foreign language, foreign language teacher.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде болашақ мамандарға мамандық бойынша білім мен дағдының жоғары деңгейін ғана емес, сонымен қатар шет тілін білуді де қамтитын талаптар артуда. Маман шетел көздері арқылы жаңа ақпаратты алады, сондықтан шет тілдерін үйрену соңғы технологиялармен және ғылыми тәсілдермен, трендтермен, білім, ғылым және технология саласындағы инновациялармен танысу; шетелдік серіктестермен, кәсіпорындармен және оқу орындарымен байланыс орнату; мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру сияқты кәсіби қызмет салаларын жүзеге асыруға ықпал етеді. Шет тілін меңгеру қазіргі қоғамның қажеттілігіне айналғанына барған сайын көз жеткізудеміз. Осыған байланысты қоғамдық қатынастардың жаңа формаларына көшу жағдайында кәсіби кадрларды даярлауды тереңірек түсіну, болашақ мамандардың білім беру мазмұнын жаңарту стратегиясын айқындау ерекше өзекті болып отыр. Бұл мәселені шешудің табыстылығы маманның өзінің жеке психикалық қасиеттеріне, оның ішкі көзқарасы мен қажеттіліктеріне және ең бастысы болашақ мамандарды сапалы және тиімді дайындауға байланысты.

Бүгінгі таңда «шет тілі» пәні бойынша оқыту болашақ мамандарды, әсіресе халықаралық деңгейдегі мамандарды кәсіби даярлаудың құрамдас бөлігіне айналуда. А.Н.Щукин мен Г.М.Фролова атап өткендей, қазіргі әлемде шет тілін оқытудың нәтижесі – сөйлеу әрекетін кәсіби қызметтің белгілі бір саласындағы қарым-қатынас жағдайына сәйкес сол тілде оқытылатын тіл арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мәдениетаралық коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың белгілі бір деңгейіне жету [1, 287 б]. Бұл ойды «Студенттердің шет тілінің коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру – шет тілдерін оқытудың басты мақсаты» деп есептейтін И.Л.Бим, шет тілдерінде басқа мәдениет өкілдерімен, атап айтқанда, ана тілінде сөйлейтіндермен еркін сөйлесуге дайын болу деп есептейді [2, 158 б]. Н.Д.Гальскова пәннің өзіне тән ерекшелігіне сәйкес шет тілін оқытудың практикалық бағытын атап көрсетеді [3, 67 б]. Яғни, шет тілін шет тілінде мәдениеттер диалогын жүргізу құралы ретінде оқыту. Бұл, біріншіден, сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерінде маңызды коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруды; екіншіден, тілдік-мәдени білімдерді қамтитын әлеуметтік-мәдени контекстті зерттеуді; үшіншіден, белгілі бір тақырыптар мен жағдаяттарды зерттеуді көздейтін шет тілдік ортаға қатысты бейімді сөйлеуді білдіреді.

Шетел тілін оқытудың негізгі мақсатының бірі – болашақ мамандардың шет тілін тікелей меңгеріп қана қоймай, оны әртүрлі қарым-қатынас жағдайында орынды түрде қолдануы. А.Н.Щукин мен Г.М.Фролова да осыған ұқсас көзқарасты ұстанады, олар шет тілін оқытудың негізгі мақсаты оны әртүрлі қарым-қатынас жағдайында практикалық мақсатта қолдана білу деп есептейді. Негізінен шетел тілін оқыту процесі бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады:

- біріншіден, бұл грамматикалық, лексикалық, фонетикалық, стилистикалық, сонымен қатар лингвомәдениеттік коммуникация құралдары;
- екіншіден, білімді қарым-қатынас жағдайына парапар пайдалана білу қабілеті;
- үшіншіден, осы сала мамандарына тән қарым-қатынас тақырыптары мен жағдайларының ауқымды спектрі [4, 109 б]

Кең мағынада шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы ретінде түсіндіруге болады.

Коммуникативтік құзіреттілік лингводидактикада шет тілін оқытудың ең маңызды міндеті ретінде танылады, демек, оқытылатын тілді практикада қолдану қабілетін дамыту деп түсініледі, ал шет тілін оқыту әдістемесі курсында қарастырылатын кәсіби құзыреттілікті «оқытудың әдіс-тәсілдерімен танысу нәтижесінде тілді меңгеру қабілеті» [5, 7 б] - деп жазады профессор А.Н. Щукин. Сондықтан коммуникативтік құзыреттілік мектептегі шет тілі білімінің де, университеттік білім берудің де ең маңызды міндеті болып табылады. Әрине, мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілігі оның көлемінің маңыздылығымен де, қалыптасу сапасымен де ерекшеленеді. Сонымен қатар, университетте шет тілі мұғалімін даярлауда коммуникативтік

құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің негізі болып табылады, онымен біртұтас білім беру – «шетел тілінің кәсіби құзыреттілігі» болып табылады.

Шетел тілі мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін ерекше айқындайтын құзыреттілік, интегративті функцияларды орындайтын, осы құрылымның барлық құрамдас бөліктеріне еніп, оларды «қоректендіретін», түзететін және сонымен бірге процест барысында өзін-өзі жетілдіретін, кәсіби білім жүйесін дамытып, педагогикалық шеберлік пен тұлғаның кәсіби қасиеттерін қалыптастыратын, коммуникативтік құзыреттілік екенін ескеру қажет. Егер коммуникативтік құзіреттілік құрылымының барлық құрамдас бөліктерінің өзара ықпалы университеттің оқу процесінде жүзеге асатын болса, онда, сәйкесінше, оқыту нәтижесінде біз кәсіби құзыреттілігі бар, жеткілікті жоғары, кәсіби біліктілігі бар, мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келетін маманды дайындап шығарамыз.

Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына бірқатар факторлар әсер етеді. Олардың негізгілері ішкі және сыртқы факторлар. Ішкі факторларға мотивация, жеке тұлғаның ішкі жағдайы; жеке тұлғалық сезімді дамыту және қалыптастыру кіреді. Сыртқы факторларға әлеуметтік жағдайлар жатады: шет тілі тасымалданатын қоғам, оның әлеуметтік құрылымы, мәдениеті мен білім деңгейі, сондай-ақ сол қоғамның қарым-қатынас жағдайына байланысты олардың сөйлеу әрекетінің айырмашылығы. Ішкі және сыртқы факторлар өзара тығыз байланысты, сыртқы факторлар ішкі факторларға тікелей әсер етеді және керісінше [6, 120 б]. Тілдің табиғатын көрсететін коммуникативтік құзіреттілік концепциясы тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі бағдарлы қолданыс мақсаты мен міндеттеріне және оқушылардың коммуникативтік қажеттіліктеріне сәйкес білім мазмұнын саралауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты тілді оқытудағы коммуникативтік қажеттіліктерді зерттеп, нақтылаудың маңызы зор [7, 20 б]. Нақтылай отыра, коммуникативтік құзыреттілік саласын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сәйкес аталмыш құзыреттіліктің шет тілінде білім берудегі негізгі ғылыми негіздеріне тоқталатын боламыз.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда жетекші әдіскерлер Е.Г.Азимов пен А.Н. Щукин оның негізгі бірліктерін ескеруді ұсынады:

1) коммуникативтік-әдістемелік қызмет саласы;
2) тақырыптар, коммуникация жағдайлары және оларды жүзеге асыру бағдарламалары;
3) әңгімелесушілердің (студенттер мен білім алушылардың) коммуникативтік және әдістемелік рөлдері (позициялары);
4) мәтіндердің түрлері және оларды құру ережелері;
5) тіл минимумдары мен білім алушылардың сөйлеу әрекеттері;
6) қарым-қатынас пен әрекеттестіктің әртүрлі жағдайларындағы мінез-құлықтың жеке стратегиясы [8, 448 б].

М.Канеилдің пікірінше, шет тілінің коммуникативтік құзыреттілік құрылымын бірнеше құзыреттілік түрлері құрайды: дискурсивті құзыреттілік (әртүрлі синтаксистік және семантикалық құралдарды пайдалана отырып, жеке сөйлемдерді біртұтас ауызша немесе жазбаша хабарламаға, дискурсқа біріктіру қабілеті); социолингвистикалық құзыреттілік (шетел тіліндегі қарым-қатынастың белгілі бір социолингвистикалық контекстіне сәйкес сөйлеу әрекеті мен дискурсты орындау қабілеті) стратегиялық құзыреттілік (шет тілдік қарым-қатынастың тиімділігін арттыру мақсатында парапар дискурстық стратегияны таңдай білу) лингвистикалық құзыреттілік (бұрын үйренген немесе ұқсас мәлімдемелерді түсіну және шығару қабілеті, сонымен қатар шет тілдік ортаның жаңа мәлімдемелерін түсіну қабілеті) [9, 20 б].

Н.Ю. Гусевская шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің құрылымын сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқу, жазу), білімнің (тіл, паралингвистикалық, лингвомәдени, моральдық-этикалық), қабілет пен дағдының (тілдік, сөздік, коммуникативтік, гностикалық, паралингвистикалық, лингвомәдени, ұйымдастырушылық) және қарым-қатынастағы коммуникативтік әрекеттің тәжірибелік (коммуникативтік, әдістемелік, технологиялық) нәтижесі түрлеріндегі оқу мақсаттарының жиынтығы ретінде қарастырады. [10, 168 б].

Н.Б Завиниченко шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің келесі құрамдас бөліктеріне тоқталады:

- Гностикалық: жалпы қарым-қатынастың мәні мен сипаттамалары туралы білім жүйесі, шет тіліндегі қарым-қатынас стилі туралы білім.
- Коммуникативтік: әңгімелесушімен байланыс орнатуға, шет тілдік қарым-қатынас субъектісімен өзара әрекеттесу жағдайын басқаруға мүмкіндік беретін коммуникативтік дағдылар; сөйлеу мәдениеті; мәнерлеп сөйлеу дағдылары; қарым-қатынас серіктесінің ішкі әлемін білуге және өзін түсінуге мүмкіндік беретін перцептивті-рефлексиялық дағдылар.
- Эмоционалдық: қарым-қатынасқа арналған гуманистік жағдай, басқа адамға қызығушылық таныту; жеке, диалогтық қарым-қатынасқа түсуге дайындық, дамыған эмпатия мен рефлексия; орындалатын кәсіби және әлеуметтік рөлдермен сәйкестендірудің жоғары деңгейі және психоэмоционалды күй [11, 47 б].

Отандық еңбектерге сүйенсек, М.И.Кудрицкая коммуникативтік құзыреттілікті оқу, танымдық, кәсіптік және мәдени іс-әрекеттерге қатысты салаларда сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеру деп қарастырады. Соынмен қоса, коммуникативтік құзыреттіліктің бірқатар құрамдас бөліктерін анықтайды. Олар сөйлеу, социологиялық, дискурсивті, лингвистикалық, стратегиялық, мәдениетаралық құзыреттіліктер [12].

Жүргізілген талдаудан көрініп тұрғандай, зерттеушілер коммуникативтік құзіреттіліктің сан түрлі нұсқалық құрылымы, ғылыми негіздері мен мазмұнын ұсынады. Демек, коммуникативтік құзыреттілік

ұғымын біз маман тұлғасының интегративті сипаттамасы, оның ішінде білім, білік, дағды және қызмет саласындағы өнімді қарым-қатынас пен кәсіби білікті қамтамасыз ететін жеке қасиеттер ретінде түсінеміз. Жоғары оқу орнында шет тілін оқыту үдерісі болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырумен қатар жүргізілуі керек, бұл мамандарға шет тілді қоғамда кәсіби қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Болашақ мамандардың шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесі студенттердің әртүрлі жағдайларда шет тілін практикалық қолдану қабілетін дамытуға ғана емес, сонымен бірге мәдениетаралық қарым-қатынасқа да бағытталуы керек.

Болашақ мамандарды даярлау процесінде шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру келесі принциптердің сақталуын негіз етеді [13, 21 б]:

- оқу процесінің интеграциялық және күрделілік принципі; оқу процесінің тұтастығы принципі; білім беру үдерісін ізгілендіру принципі, яғни студенттің кәсіби дайындығы кезінде оның жеке мүмкіндіктерін ашу;
- оқыту әдістерін (коммуникативтік, аудиолингвалды, аудиовизуалды) және оқыту формаларын (іскерлік ойын, жағдаятты модельдеу, әңгімелесу, дөңгелек үстел, пікірталас, дебат) қолдану арқылы жүзеге асырылатын шет тілін оқыту үдерісінің кәсіби-бағдарланған коммуникативтік бағдар принципі;
- танымдық әрекетті белсендендіру принципі; шет тілін оқыту үдерісінде заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы оқу мотивациясын арттыру, сонымен қатар, оқушыға бағытталған интерактивтілік принципі;
- үш аспектіде жүзеге асырылатын аутентикалық принципі: аутентикалық материалдарды таңдау, түпнұсқалық әдістерді қолдану, аутентикалық ортада шынайы қарым-қатынас жасау; тыңдаушылардың бастапқы білімдерін қарқынды пайдалану; теориялық және практикалық оқытудың біріктіру; оқу-тәрбие процесінде оқушылардың шығармашылық белсенділігі мен дербестігін қамтамасыз ету.

Болашақ мамандардың шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесінің негізгі ерекшеліктерін әлеуметтік бағдарланған контекст деректеріне сәйкес тілді дұрыс қолдану; студенттерді шынайы өмірлік жағдайларға барынша жақын ситуациялық іскерлік қарым-қатынасқа тарту; мұғалімнің қызметін өзгерту, атап айтқанда, оқушылардың оқу іс-әрекетінің белсенді үйлестірушісіне, олардың кеңесшісіне, әңгімелесушісіне және оқу үдерісіне қатысушыға айналу; оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін қолдану, яғни жұптық және топтық іс-әрекеттер, рөлдік ойындар, жобалық және проблемалық тапсырмалар қамтиды.

Шет тілінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі жалпы коммуникативтік процестің тиімділік деңгейін анықтайтын фактор болып табылады. Шетел тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесі болашақ мамандарды шет тілдік қарым-қатынасты тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік және дағдылар жүйесімен қаруландыруға ғана емес, сонымен қатар, коммуникативті-құзырлы тұлғаны қалыптастыруға, болашақ маманның біртұтас білім беру кеңістігінде өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жетілдіруіне бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТ

1) Щукин, А. Н., Методика преподавания иностранных языков / А. Н. Щукин; Г. М. Фролова. – М. Ж Издательский центр «Академия», 2015. – 287 с.

2) Бим, И. Л. Компетентностный подход к образованию и обучению иностранным языкам / И. Л. Бим // Компетенции в образовании: опыт проектирования: сб. научных трудов. – М., 2007.– 156-162 с.

3) Гальскова, Н. Д. Методика обучения иностранным языкам / Н. Д. Гальскова, А. П. Василевич, Н. В. Акимова. – Ростов-на-Дону, 2017 – 350 с.

4) Воевода, Е. В. Основные направления профессионально ориентированной языковой подготовки специалиста-международника: монография / Е. В. Воевода. – М.: Изд-во МГОУ, 2009 – 109 с.

5) Щукин А.Н. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидагтические основы/ Учебное пособие. – М.: ВК, 2012. – 7 с

6) Кобзева Н.А. Коммуникативная компетенция как базисная категория современной теории и практики обучения иностранному языку / Н.А. Кобзева // Молодой ученый. – 2011. – №3. – Т.2. – С. 118-121

7) Гез Н.И. Формирование коммуникативной компетенции как объект зарубежных методических исследований / Н.И. Гез // Иностранные языки в школе. – 1985. – № 2. – С. 17- 24

8) Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий. / Теория и практика обучения иностранным языкам. – М.: Икар, 2009. – 448 с.

9) Canal M. From Communicative Competence to Communicative Language Pedagogy // Richards J. and Schmidt R., (eds.) Language and Communication. London: Longman, 1983. P. 2-27.

10) Гусевская Н.Ю. Эволюция методов обучения иностранному языку / Н.Ю. Гусевская // Ученые записки ЗабГУ. – 2013. – № 6. С. 167-171.

11) Завиниченко Н.Б. Особенности развития коммуникативной компетентности будущего практического психолога системы образования: дис. ... канд. психол. наук 19.00.07 / Н.Б. Завинченко. Киев, 2003. 47 с

12) Кудрицкая М.И. Методика работы с видеоматериалами на занятиях по практике речи английского языка: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.02. - Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2004. - 170 с

УДК 94(574)

Раев Д.С. – филос. ғ.д., профессор,
ЖОО-нан кейінгі білім беру факультеті кафедрасы
Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Қазақстан, Алматы.
aqbota_zh@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ЗЕРТЕУДІҢ ЭТНОӘДІСНАМАСЫ

Ғылыми мақалада Қазақ хандығы тұсындағы сыртқы саясатты отандық халықаралық қатынастар ғылымында алғаш рет концептуалдық және саяси-стратегиялық тұрғыдан зерттеудің методологиялық негіздеріне талдау жасауға қадам жасалады. Жалпы, халықаралық қатынас мәселесінің методологиялық негіздерін зерттеуде базалық ұғымдар ретінде – методология және эпистемология ұғымдары алға шығады. Эпистемология (грек. Episteme – білім) – таным теориясын белгілеу үшін қолданылатын философиялық термин.Методология (грек. metodos – таным жолы, *логос* – ілім) – қандайда бір ғылымда теориялық және практикалық зерттеу жұмыстарында қолданылатын танымдық әдіс-тәсілдердің, принциптердің жүйесі немесе танымның принципін, формасы мен әдіс-тәсілін құру жөніндегі ілім. Олай болса, елдің сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастар тұрғысындағы методология жалпы кешегі және бүгінгі сыртқы саяси үдерістің теориялық және тәжірибелік жұмыстарын ұйымдастыру мен түзудің түпкілікті принциптері мен әдіс-тәсілдерін жүйелі түрде сұрыптап, жан-жақты талдап, олардың қолдану аясын, мүмкіндіктерін, өзара байланысын, шындықтың өз қасиеттері мен заңдылықтарына сәйкестігін анықтап, тарихи-логикалық, танымдық-теориялық тұрғыдан негіздеп, таным мен қоғамдық, әлемдік тәжірибенің әрі қарай дамуына жол ашады. Ғылыми таным тарихында методологиялық мәселелер мәдениет пен өркениет дамуының деңгейіне сай түрленіп, шешіліп отырды.

Бұл мәселені көтерудің себептерін бүгінгі халықаралық қатынас пен әлемдік саясаттағы кейбір әдіснамалық **ұстанымдар** мен **принциптердің** өзгеріске ұшырауымен дәйектеуге болады. **Ең алдымен,** қазіргі әлемдік саясаттың кеңістіктік-уақыттық тұрғыда өзгеруі: әлемдік саясат ұлттық, аймақтық, жаһандық деңгейлерге жіктелуде, сонымен бірге, әлемдік саяси үдерістің тұрақтылығы бұзылуда және оның өзгеру жылдамдығының өсумен байланысты болып отыр. **Екіншіден,** елдің ішкі саясаты мен сыртқы саясатының аражігінің бірігу үрдісі халықаралық қатынастың кейбір негізгі ұғымдарын қайта қарауға итермелеуде. Мәселен, мемлекет егемендігі, тәуелсіз мемлекеттер, ұлттық мүдде т.б. **Үшіншіден,** әлді мемлекеттер тарапынан халықаралық құқық нормалары мен моральдық принциптерінің бұзылуы арқылы көрініс тауып отырған халықаралық қатынастағы моральдық және құқықтық сана дағдарысы. **Төртіншіден,** бүгінгі әлемдік саясат кеңістігіндегі жаһанданумен қатар ұлттардың өзіндік идентификациялану үрдісінің орын алуы халықаралық қатынастағы этникалық және діни факторлардың рөлін күшейтуде. **Бесіншіден,** соңғы кезде «жауласу мен қақтығысу», «қиғаш келу мен текетірестік», «күш көрсету мен қоқаң-лоқы жасау», «лаңкестік пен экстремизм» сияқты індеттер күш алып, «әлкмдік қауіпсіздік» ұғымының өзектілігі өсіп, маңызы артуда. Осыдан туындап отырған қазіргі халықаралық қатынастың өзекті мегамәселелерін де атап өткен жөн. Олардың қатарына жататындар:

1. Әлемдік дағдарыстың екінші толқыны Орталық Азиядағы күшті қатердің генераторына айналуы қаупінің болуы.
2. Жаһандық мәселе – әлемдік тұрақсыздық және аймақтардағы эпизоттық қысымның жиілеуі. Бұл мемлекеттілігі әлсіз аймақтар үшін рискке айналуы мүмкін. Мәселен, «Қырғызстан және Тәжікстан. Бұл өз тарапынан Орталық Азиядағы саяси тәуекелді өршітеді де Қазақстандағы қауіптілік мәселесін еселей түседі» [1, 207-208 бб.] және «әлем мен аймақтағы революциялық трендтер әлемдегі тұрақсыздық трендін күшейтуде» [1, 210 б.] дейтін тұжырым жасалуда.
3. Еуропалық одақтың ыдырау қаупінің туындауы, әлемдік саясаттағы Еуропа позициясының әлсіреуі. «Еуропадағы дағдарыс жаһандық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеледі» [1, 209 б.], -деп көрсетіледі.
4. Еуропасыз АҚШ экономикалы әрі гесаяси стратегиясы тұрғыдан әлсіреуі ықтимал дейтін болжамның орын алуы.
5. Саяси және экономикалық вектордың Азия кіндігіне қарай ойысуы туралы идеяның орын алуы [1, 209 б.].

6. Батыстан Шығысқа қарай бағдар ұстану авторитарлық трендтің пайда болуына және оның күшеюіне негіз болады дейтін болжамның жасалынуы.

7. Бүгінгі таңда табиғи және энергетикалық ресурстар үшін күрес айдан анық. Осыдан геосаяси күрес камертоны ұлғаюда, әсіресе «Орталық Азияда бұл ерекше байқалады, оған ондағы республикалардың өзара байланысының әлсіздігі және олардың арасындағы экономикалық және саяси қайшылықтардың орын алуы себеп болуда» [1, 214 б.], -дейтін пікірмен келісеміз.

8. Аймақтық геосаяси күрес және оның аймақтық елдер үшін рискі қандай дейтін болсақ, Қазақстан осы өңірдегі геосаяси бәсекелстіктің басыт нысанына айналуда дейтін болжам айтылуда [1, 215 б.]. Олай болса, мұны аймақтағы ықпалыды күшке ие болу үшін бәсеке деуге болады. Бұл орайда Қытай мен Ресейдің ықпалдық күресте үміті басым деген тұжырым да жасырылмайды.

9. Аймақтық геосаяси күрес ақпараттық күреске қарай ойысты. Осыдан ақпараттық лаңкестік орын алуда.

Осылардан туындайтын әдіснамалық мәселенің бірі – ол қазіргі халықаралық қатынас эпистемасындағы «еркіндік», «жауапкершілік», «әділдік», «қауіпсіздік», «ел аралық сенім», «демократия», «әлемдік өзара тәуелділік», «ел аралық өзара ынтымақтастық», «толеранттық» т.б. ұғымдарының аксиологиялық құзіреттік дәрежесі төмендеп, олардың методологиялық негіздік мәртебесі әлсіреуде. Сонымен бірге, еркіндік пен жауапкершілік, материалдық және имматериалдық факторлар, интеграция мен дезинтеграциялық үдерістер арақатынасы өте мықты өзгерістерге ұшырауда. Осы айтылғандарға дәлел ретінде халықаралық қатынастың әдіснамалық (методологиялық) принциптеріне қатысты **төмендегі трендтерді** келтіруге болады: елдер арасындағы бір-біріне деген сенім дағдарысы; материалдық және имматериалдық факторлар арасындағы шекараның тұрақсыздығының ұлғаюы; Батыстағы демократиялық модель (принцмп) дағдарысы, бұл принцип Еуропаны «қарызгерлік тығырықтан» шығуға көмектесе алмауда. Оған доллар позициясының күшеюі ықпал жасауда; интеграция мен дезинтеграциялық процестер дихотомиясының өршуі; халықаралық қатынас аренасындағы өзара тәуелділік принципі рөлінің артуы; қазіргі халықаралық қатынас кеңістігіндегі еларалық «өзара түсіністік» пен «өзара ынтымақтастық» принципінің әлсіреуі.

Олай болса, қазіргі кезде халықаралық қатынас болмысын зерттеуде оның әдіснамалық негіздерін іздеу, оның саяси-этномәдени ортодоксальды ментальдық деңгейдегі мәселесінің маңыздылығы бірінші кезекке шығуда. Демек, халықаралық қатынастың әдіснамалық аппаратының ұлттық мәдениеттегі метаәдіснамалық нұсқалардың өзіндік ерекшелігі мәселесі күнтәртібінде тұрады деп айтуға негіз бар. Осыған орай біз мақалада жоғарыда айтылған әдіснамалық ұстанымдардың кейбіреуіне тоқталуды жөн көреміз.

Біздің пікірімізше, бұл мәселе қазіргі әлемдік саясаттағы жаһанданумен бірге **этносаяси бірегейлену** идеологиясы тенденциясымен тығыз байланысты деп есептейміз. Себебі, қазіргі жаһандану үдерісінің өзі әр мемлекеттің ішкі рухани-құндылықтық стратегиясында жаһандық интеграциямен бірге ұлттық саяси өзін-өзі тану, ұлттық бірегейлік парадигмасын алға тартуда және ол мәселені зерттеудегі әдіснамалық негіздің біріне айналуда. Бұл жалғыз қазақстандық ғылымның ғана алдында тұрған өзекті мәселе емес, бүкіл ойкумендік саяси ғылымының, оның ішінде халықаралық қатынас теориясы мен практикасында өткір тұрған дилеммалардың біне айналуда. Осының өзі зерттеушінің назарын мәселенің этносаяси әдіснамалық негіздеріне тоғыстырады. Этносаяси бірегейліктің (идентификация) этогенездік қорын сүреттеу арқылы оны өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдық-саяси сананың ретранслиттік феномені қатарына қоюға және зерттеушіні оның «ретранслиті» дәрежесіне жетелейтіні анық. Осы арқылы мәселені реконцептуализация форматында қарастыру мақсаты көзделеді. Этносаяси бірегейлену – ұлттың саяси-мәдени этногендік қоры, ұлттың тұтастану коды, халықтың бірігу этосы, бүтіндік өлшемі, жұмырлану қуаты, өркениеттік сапасы. Бұл, әрине, ғылыми зерттеу жұмысын интеллект-сену міндеттерді функционалды шешуге жұмылдырады.

Көрсетілген тарихи кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы саяси-дипломатиялық болмысына талдау жасау арқылы оның халықаралық қатынас жүйесіндегі орнын анықтау мақсатының көзделуі әдіснамалық рефликсияны талап етеді. Егер жер бетіндегі елдердің өзара тәуелді байлынста болу аксиомасына сенетін болсақ, қазақ даласындағы хандық қоғам да халықаралық қатынас пен байланыс айналымынан тыс қалмаған деген методологиялық принципті негіздеу ғылыми жұмыстың ішкі интенциялық қуатына айналады. Сонымен бірге, көрсетілген кезеңдегі қазақ хандығының сыртқы саясатындағы «жерұйық» стратогемінің саяси геостратегиялық маңызын, «ел тұтастығы» мен «ел бүтіндігі», «көрші елдермен тату тұру», «еларалық саяситолеранттық» концепциясының қазақ қоғамында басымдыққа ие болғанын ғылыми методологиялық талдаманың нысаны жасау әрі қазақ даласы қоғамының халықаралық қатынас саясатындағы әдіснамалық іргетас болғандығына көз жеткізу заман талабы деген ой жетегінде боламыз. Мысалы, Ханкелді Әбжанов: «Даланың ауызша тарихнамасы ұлттық тарихымыздың сырын ашып, шырайын кіргізетін қазына екеніне көзімізді жеткізеді» [2, 15 б.] - дегенге сенбеу қиын. Олай болса, жоғарыда көрсетілген саяси парадигмалар қазақ хандығы тұсындағы этноэгологиялық болмыстан хабар беретін ортодоксальды саяси толеранттық жүенің геостратегиялық логикасын әдіснамалық тұрғыдан айқындамақ. Бұл сол кездегі «жерұйық» концепциясы шеңберінде этнотоғыстырушы әрі халықаралық қатынас аясында күштер балансын қамтамасыз ететін геостратегиялық матрицаның негізін қалағандықтың басты әлеуеті болғандығын дәлелдеу бүгінгі ұлттық иделогемдерді қалыптастыруда әдіснамалық маңызы зор. Өйткені, «жерұйық» концепті, біріншіден, қазақтың ішкі және сыртқы саяси этонментальды стратегиясындағы «концепт-

құндылық» өңірін білдірмек. «Жерұйық» - қазақ үшін өмір сүру ейкумені дейтін әдіснамалық ұстаным келіп шығатынына сенім мол. Екіншіден, оның хронотроптық сипаты әдіснамалық принцип қызметін атқаруы мәселені зерттеудегі рөлі жоғары деп есептейміз. Үшіншіден, «жерұйық» концептісінің тарихи сабақтастық сипатының методологиялық маңыздылығын ескерген жөн. Төртіншіден, аталмыш концепттің дискурстық сипатына назар аудару әдіснамалық квант-өзек деп айтуға негіз бар. Бесіншіден, бұл концептінің метаәдіснамалық қызметі зор деп айта аламыз. Себебі, «жерұйық» категориясы мәселені зерттеудің ментальдық концептуалдық принципін анықтайды. Алтыншыдан, ол – қазақтанудың геосаяси негізі, геостратегиялық өлшемі. Өйткені, «жерұйық» қазақ үшін ішкі және сыртқы саяси таным жүйесі, отаншылдық сезім тұтқасы қызметін атқаратын метатеориялық ұстаным.

Ғылыми жұмыстың әдіснамалық негізін қарастырудың маңыздылығы сол кезде халықаралық қатынас аренасында зор саяси беделге ие болған билер институтының, оның ішінде үш ұлы бидің қазақ елінің сыртқы саяси-дипломатиялық қатынаста бірден-бір шешуші күшке айналғанын ғылыми-теориялық, әдіснамалық тұрғыда саралаудың қажеттілігінен туындайды. Бұл орайда билердің халықаралық қатынаста саяси шешендік амплуасы бірінші орынға қойылғандығын онтогенездік тұрғыдан қарастырудың терориялық-әдіснамалық маңызы артады. Өйткені, би-шешендердің сонау көне дәуірлерден (антикалық) бастап, ал шешендік өнердің шығу қажеттілігі мен қалыптасу этосы саяси сахна болғандығын саяси тарих дәлелдеп отыр. Оны Солон, Демосфен, Цицерондардың саяси мұраларынан білеміз. Мысалы Демосфен шешендердің саяси міндетін мемлекеттік мәселені шешумен байланыстырса, ал Цицерон: «шешеннің тағдыры – мемлекеттің тағдырымен төркіндес», -деп көрсетеді. Ал отандық саяси ой тарихына келсек, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ахмет Байтұрсынов т.б. қазақ би-шешендерінің елдің ішкі-сыртқы саясатында шешуші буын болғандығын мойындап, шешендік өнердің бір түрі ретінде саяси шешендікті жеке шығарған. Одан кейінгі қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Мәметова, Б.Адамбаев, С.Негимов т.б. қазақ даласының билерінің қоғамдық салмағын саралап зерттеген. Мәселен Б.Адамбаев қазақ билерін ел құрасқан (XI-XYI ғғ.); ел қорғасқан (XYII-XYIII ғғ.) және т.б. топтарға жіктеген болатын. Бүгінгі ғалымдардың пікірі де алдыңғы ойды мақұлдай түседі. Олай болса, осыларды ғылыми тұрғыда саралап, бұнгі халықаралық қатынас жүесіндегі басым мәселені шешуде кешегі тарихтың саяси құндылықтарын әдіснамалық негіз ретінде басшылыққа алу үшін қажет деп есептейміз.Осы есепте, Кембридж университетінің профессоры, Лондондағы Қазақстанның бейбітшілік және келісім орталығының директоры Сидхард Саксенаның: «Қазақ халқы және оның көшбасшылары (лидерлері) жүздеген жылдар бойы халықты бірыңғай құндылықтардың және біртұтастық сезім негізінде біріктірді» [3], -деген пікірі мәселенің әдіснамалық негіздік санатын шыңдай түседі. Міне осы тезистің өзі ізденуші назарын саяси ғылыми методологиялық талдамаға жетелейді. Бұл ретте, біріншіден, аталмыш кезеңдегі қазақ ейкуменіндегі билер институтының сыртқы саяси қызметінінің әдіснамалық принциптеріне назар аудару қажет деп есептейміз. Соның бірі – билер институты, оның өзінше бір ерекше саяси ментальдық феномендік сипатқа ие болуы. Оның феномен-принциптік сипатының өзі әдіснамалық құзырға ие. Өйткені, билер институты, әзірше әлімдік саяси ғылым үшін беймәлім әлеует, өзіне теңдесі болмаған саяси-мәден өркениеттік құбылыс. Осы тұста отандық түркі өркениетін танушы және түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін зерттеуші әрі ғылымда мәшhұр етуші белгілі ғалым-философ С.Б. Бөлекбаевтың Батыс ғалымдарының көзқарасына батыл сын айтып, олардың европоцентристік ұстанымына қарсы келіп, түркілік оның ішінде дала өркениетінің әдіснамалық негіздерін зерттеудің ауадай қажеттілігі жөніндегі ұтымды тұжырымымен келісеміз [4, 15 б.].

Мәселенің әдіснамалық негізі қазақ билерінің сыртқы саяси-дипломатиялық тарихындағы тәжірибесін бүгінгі дипломатиялық әрекетте қолданудың маңыздылығының артуымен байланыстырылады. Демек, кешегі қазақ даласындағы сыртқы саясатта дипломатияның қандай түрлері болды, қандай дипломатиялық амалдар қолданылды, дипломатиялық тұрғыда ол амалдар қандай этнометальдық ұстанымдарға негізделді деген мәселелер бүгінгі Қазақстанның сыртқы саясатындағы методологиялық құндылықтық құзырын талдау ғылыми жұмыстың теориялық мәртебесін айқындай түспек. Мысалы, қазақ хандығы билерінің қатысуымен іске асырылған «ізгілік дипломатиясы» концептсферасы аясындағы «превентивтік», «саяси некелесу», «саяси құдаласу», «экономикалық дипломатия», «кепілдік беру» т.б. дипломатиятиялық концепттердің жүзеге асырылғандығын геостратегиялық тұрғыдан сарапқа салу қажеттілігі туындайды. Осының өзі біздің зерттеушілік назарымызды қазақ даласындағы «ізгілікті дипломатияның» рухани аксиологиялық негіздерін талдауға жұмылдырады. Тарихшы-ғалым Х.Әбжановтың Абылай хан тұсындағы билер мен мәмілегерлер елшілік және халықаралық мәселелерді оңтайлы шеше алды деген ғылыми көзқарасының әдіснамалық маңызы зор. Осы ретте қазақ билерінің «елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дейтін принципінің әдіснамалық мәртебесі ерекше деп есептейміз. Бұл – әрі концепт, әрі методологиялық ұстаным. Концепт ретіндегі құзыры ол, біріншіден, билердің құрылымдық-қызметтік, халықаралық қатынастағы қоғамдық-тұлғалық, статустық-коммуникативтік, саяси-дипломатиялық қызмет болмысы дискурсын көрсетсе, екіншіден, сыртқы саяси қатынастың ұлттық ментальдық құндылық ретінде ерекшелігін айқындап тұратен концептсфера. Ал әдіснамалық негіз ретіндегі сипатын, «елдестірмек елшіден» концептінің бағыты мен атқаратын мақсат-міндетінен, оның уникумдық болмысынан, заңдылықтық құзырынан, универсумдық сипатынан байқауға болады. Ал қазақ дипломатиясындағы «саяси құдаласу», «саяси некелесу» сияқты парадипломатиялық феномендеріне келетін

болсақ, бұлар да өзіне теңдесі жоқ қазақ ұлтына тән болған этноментальды әдіснамалық шешімдер айтуға болады. Олр «саяси одақтасудың тәсілі болып есептеледі» [5, 69 б.], -деген пікірмен келісуге болады. Бұл дәстүр қилы замандарда, қазақ даласымен шектескен әртүрлі мемлекеттер арасындағы саяси қарым-қатынастарды қыз алысып, қыз берісу арқылы нығайту, тарихқа ежелгі дәуірлерден бастап енгендігін, елдер арасындағы ежелгі саяси ымыраласу жолдарының бірі болғандығын көрсетеді. Сондықтан осы бір орнатылған екі жақты дипломатиялық қарым-қатынас, құрылған саяси және әскери одақ стартегиялық даналықты көрсетеді деп есептеуге болады. Осының өзі халықаралық саяси болмыс тұрғысынан қарағанда зор өркениеттік дәреженің көрінісі деп айтуға ғылым-әдіснамалық тұрғыдан негіз бар. Бұл – жер бетіндегі ойкумендік заңдылықтың метатеориялық-әдіснамалық қырын білдірсе керек. Бұл әлі өз зерттеуін күтіп тұрған саяси физиканың метатұстарын аңғартады және бір этнос шеңберіндегі саяси-холистік универсумды баяндай алатын феномен-құбылыс деп айтуға болады. Осыдан туындайтын әдіснамалық принциптерді көрсетер болсақ, біріншіден, қазақ табиғатындағы «құдіретті» көршілік әдепті ұстану танымында құрметтеу қажет. Екіншіден, таразының басын тең ұстау ататектік этикет-заңдылықтың заңдылықтың болғандын айтқан абзал. Үшіншіден, саясатта жалаң эмоцияға ұрыншақтық білдіру орны толмас қателікке апарады дейтін этномәден принципке жеңдірген саяси көрегендік стратектік қарымды көрсетеді. Төртіншіден, саясаттағы стохастикалық құбылыс қазақ билерінің назарынан тыс болды деп айту да ғылыми болжамға келіңкіремейді деп санаймыз. Мұның өзі де метаәдіснамалық ұстаным деуге негіз бар. Бесіншіден, саяси құдалық дәстүрінің орын алуы әрі тактикалық, әрі стратегиялық тұрғыдан ойластырылған саяси дипломатиялық шешім әрі саяси одақтасудың тәсілі болды деп есептейміз. Сонымен бірге, бұл шығыстық ортодоксальды саяси мәдениеттің ішкі нәзік метафизикасын әрі саяси руханият әлемінің трансценденттік мәнін көрсетеді. Бұл – жалпы Шығыс дипломатиясына тән универсум құбылыс. Осының өзі дипломатиялық символика мен семантиканың ежелгі дәуірлерден бері болғандығының және оның мемлекетаралық елшілік қатынаста пассионарлық қызмет атқарғанының дәлелі болмақ.

Жоғарыдағы айтылғандарды талдау жасай келе, саяси құдаласу Ұлы қазақ даласындағы мемлекет аралық қатынастағы ерекше саяси концептсфераны білдірсе керек. Халықаралық қатынас жүйесіндегі ментальды метатеориялық парадигма деп айтсақ артық айтпағандық. Саяси құдаласу, ең алдымен ел аралық қатынастағы туыстық фактордың шешуші рөлін дәлелдей түседі. Оны біз біздің дәуіріміздің әр кезеңдердегі мемлекет аралық қатынаста дәстүрге айлану тенденциясын байқаймыз. Ал саяси неке – мемлекет аралық қатынас мәселесін шешудің «дипломатиялық кілті» немесе дипломатиялық келісім символына айналған деуге болады. Бұл да жалпы дипломатия феноменінің метапарадигмасы, метакоды болды десек артық емес. Қазақ даласындағы саяси концепцияның перцептуалды шемім табуының универсум формасы. Ұлды дал кеңістігіндегі мемлекеттердің сыртқы саясаты мен дипломатиялық қызметінің, бүкіл ішкі және сыртқы саяси болмысының субмәдени ерекшелігін айқындайды. Бұл дәстүрдің дипломатиялық астарына үңілетін болсақ, ең алдымен, шығыстық саяси мәдениеттің өзіндік биігін көрсетеді. Екіншіден, екі мемлекет арасында саясі-әскери одақ құрудағы туыстық факторға арқа сүйеп, сенім арту тенденциясы байқалады. Үшіншіден, шығыстық дипломатиялық мәдениет жүйесінің ішкі ерекше рухани интенциялық қуатынан хабар береді. Төртіншіден, дипломатиялық қатынастағы саяси некенің халықаралық деңгейдегі мәртебесі мен маңыздылығын баса назар аударуды ұсынады. Бесіншіден, ұзатылған қызбен бірге жүздеген қызметшілері мен күтушілерін жібері шығыстық дипломатиялық этикет пен хаттамалық заңдылықты білдірсе керек. Осының өзін ежелгі дәуірдегі халықаралық қатынас жүйесіндегі мегатрендтік, брендтік әрі саяси имидждік мәселе санатына жатса керек. Осыған байланысты саяси құдаласу мен саяси неке нәтижесіндегі ұзатылған қыздарды – елші деп тануға негіз бар деп есптейміз. Өйткені қазақ қандығы мемлекетінің сыртқы саяси және дипломатиялық тарихындағы ұзатылып алынған немесе басқа елге ұзатылған ханшалардың жәй әйелдік қызметінен көрі саяси-дипломатиялық қызметінің басым болғанын ашық айтуға негіз бар. Бұған саяси әдіснамалық негіз ретінде екі ел арасындағы құдаласу мен некелесудің ең алдымен, әскери-саяси одақтастық мақсаттың болуын айтуға болады. Осыдан туындайтын нәрсе – ол сол ұзатылған ханшалар арқылы барлық жағдайда елге саяси ықпал жасау міндетінің көзделуі және оның белсенді іске асырылу тәжірибесінің қалыптасуы. Сонымен бірге, осы елші-ханшалар арқылы ежелгі саясиполистерде дипломатиялық корпустың немесе елшілік институтының алғышарты қалыптасты десек артық айтпағандық болады. Хандық мемлекетінің дипломатиялық қатынастың ерекше ментальдық формасын саяси қатынас айналымына енгізгенін, яғни «саяси құдаласу» мен «саяси некелесу» дәстүрін қалыптастырып, оның халықаралық қатынас жүйесінде саяси идеологем және саяси парадигма ретінде орнығуы байқалады. Дипломатиялық келіссөздер техникасы мен технологиясының өзіндік субмәдени формасының және дипломатиялық кәде атрибутивтік символикасы мен семиотика жүйесінің алғышарттары мен түрлерінің қалыптасу тенденциясын аңғаруға болады. Сол елші-қыздар арқылы қазақ мемлекетінің экономикалық, техника-технологиялық және мәдени дамуына жол ашылғандығына тарихи деректер куә болады. Алайда жоғарыда айтылған тұжырымдардың әрқайсысы өз зерттеуін күтіп тұрған әдіснамалық мәселелер.

Сонымен бірге, жоғарыдағылардың бәрі қазақтың «ізгіліктік дипломатия» ұғымының уникумдық мәнін көрсетіп, конуептум өзегін анықтаса керек. Бұл да дала дипломатиясын ерекшелейтін әдіснамалық негіз бола алады. Осылардың өзі бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның төл сыртқы саяси-дипломатиялық тарихын, саяси-рухани камертондық эмпирикасын ғылыми тұрғыда негіздеуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Кембридж

университетінің профессоры, Лондондағы Қазақстанның бейбітшілік және келісім орталығының директоры Сидхард Саксенаның: «Қазақстан әлемдік саясаттың дамуына зор үлес қосуда және бұл мемлекет Батыс пен Шығыстың қарым-қатынасында мыңдаған жылдар бойы қызмет етуде» [3], -деген пікірімен келісе отырып, бұл біздің тақырыбымыздың әдіснамалық құзырын арттыра түседі дейтін тұжырым жасауға негіз болады.

Ғылыми жұмыстың әдіснамалық негіздерін қарастыру оның зерттеу объектісінің саяси және георстратегиялық астарына үңілудің қажеттілігінен туындайтыны анық. Өйткені нысанаға алынған тарихи кезең хандары мен билерінің сыртқы саяси тактикалық амалдарының астарындағы саяси әрі геостратегиялық «саяси тәуекел», «саяси көрегендік» сияқты ұлттық стратогемдерінің саяси ғылымиәдіснамалық маңызын ашу мақсаты көзделеді. Мәселен, «саяси тәуекел» концептін алатын болсақ, қазақ даласы хандығы тұсындағы әрі саяси принцип, әрі саяси стратегиялық концептум болмақ. Себебі, оның өзі қазақ даласындағы әлемдік қоғамдық-саяси құбылысқа стохастикалық көзқарастың негізінде қалыптасқан метаәдіснамалық шешім деуге болады. Бұл ұстаным мұсылмандық дүниетанымның таухид принципінен келіп шығады. Таухид принципі бойынша бүкіл әлемнің ішкі тұтастығы оның түпкі бастамасы – Аллаға келіп тіреледі. Олай болса, бүкіл болмыстың жаратушысы ретінде ғаламдағы шынайы ақиқат тек Аллаға ғана аян. Ал жоғарыдағы танымдық принципке келетін болсақ, адамға болмыстың түп көзі мен мәнін танып білу мүмкіндігі берілмеген болып есептеледі. Тағы да Балпық бидің айтқаныныа оралатын болсақ, ол: "Алланың қолындағы өмір сырын адам ашпақ емес", -деп ой түйіндейді. Бұдан біз қазақ би-шешендерінің кез-келген құбылыстардың сырын ашуда, сонымен бірге саяси шешімдердің, іс-әрекеттердің нәтижесін болжауда оны бір Аллаға тапсырған және ол істің бас-аяғын бір Аллаға басқартқан. Бұл процесті ислам діні арқылы енген "тәуекел" ұғымымен белгілеген. Сондықтан шешендік өнерде саясат көп жағдайда тәуекелге толы әрекет ретінде мойындалады. Қазақ шешендері саяси тәуекелді (риск) тек адамдағы әлеуметтік-психологиялық құрғақ-күдік ретінде емес, керісінше оны әлдебір белгісіздіктермен, беймағлұматтылықпен, неғайбылдылықпен онтологиялық байланыста болатын іс-қимыл деп таныған. Оны қазіргі егемен елдің кәдесіне жарату – ғылыми-практикалық тұрғыда теңдесі жоқ мәселенің бірі.

Осыған рухани негіз болған «отаншылдық», «мемлекетшілдік» концептерін аталмыш мәселені зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қарастыруға болады. Аталып өткен концептердің алғашқысы халықаралық қатынастағы онтогенездік негізді көрсетсе, екіншісі этносаяси идеогемдік тұғырнамалық алғышартты айқындап тұр деуге негіз бар. «Ел барда, ер қор болмас», «Ер атағын ел сақтар», «Ер сыншысы – елі», -деген шешендік толғамдардардан “елге” концептуальды кеңістік тұрғысынан берілетін бағаны және олардың әрі әлеуметтік, әрі саяси, әрі кеңістіктік, әрі уақыттық геоорталық ретіндегі стратегиялық парадигмасын ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан талдаудың кезеңі туғандығы тілге тиек етіледі. Жоғарыда келтірілген шешендік аналогиялар мәселені зерттеуде жүйелік ұстаным тұрғысындағы әдіснаманы білдірсе керек. Асан бидің:«Ата жұрты бұқара өз қолында болмаса, қанша жақсы болса да қайратты туған ер ғаріп» [6, 38 б.], -деген сияқты шешендік толғаудағы “Ата жұрты бұқара” концптінің геостратегиялық мазмұнына талдама жасаудың маңызы зор әрі ол тақырыптың әдіснамалық құзырын шыңдай түседі.«Жер-су иесіз болмауы керек. Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай. Көктен тәңірі баспаса, жер айырылып жатпаса – кім қорлар қалың түркі елін?!» (Күлтегін), - деген ұстаным қазақ билеріне рухани сабау болған әрі олардың геостратегиялық танымын шыңдай түскен деуге негіз бар. Осының өзі проблеманың методологиялық құзіретін анықтаса керек. Әйгілі француз жазушысы Альбер Камю:«Менің отаныма деген махаббатым әділеттілікке деген махаббаттан ажырамауы тиіс. ...Мен әділеттілікке қызмет жасай отырып, отаныма қызмет жасағым келеді», -деп толғайды. Міне осындай саяси позиция дала билерінің геостратегиялық тұғырнамалырда көрініс тапқан және оны ашып көрсету міндеті осы ғылыми жұмысқа жүктеледі.

Мәселені зерттеудің әдіснамалық негіз құзырына ие болатын құбылыстың бірі – ол қазақ би-шешендерінің келешекті болжайтын саяси көрегендік ұстанымын айтуға болады. Келешекті болжау шешендік сөз өнерінің басты қызметтерінің бірі ретінде қарауға болады. Енді осы мәселеге жалпы ғылыми-саяси эпистемалық тұрғыдан қарайтын болсақ, келешекте болатын өзгерістерді болжап бағамдау және соған сай өз өмірін ыңғайлап бағыттау адам болмысына тән құбылыс. Бұл адамның өз болашағын алдын ала болжау үрдісін білдіретін болжамдық принцип деуге болады. Бұның адам санасында өмір сүруі әртүрлі формаларда көрініс тауып, өзі туралы мәлімет беріп тұрады: кейде ойлау қағидасы түрнде, кейде көркемдік образдар түрінде болып отырады. Осылар арқылы ол құбылыстар әртүрлі идеяларға бастап, адам санасын үздіксіз жұмысқа қосып отырады. Міне бұл жалпы көркем мәдениетінің, оның ішінде шешендік сөз өнерінің «профетикалық қызметінің» болатындығына негіз болса керек. Келешекті болжау сөзі күнделікті тұрмыстық сана деңгейіндегі мағынасы жағынан сонымен бірге, белгілі бір ғылыми анықталу статусына ие болу тұрғысынан да қазіргі кезде тілдің сөздік қорының белсенді бөлігі ретінде орнығуда және қоғамдық сананы іске асыруда рухани күш ретінде қатысуда. Осыған орай адамзат тіршілігінің дамуындағы көптеген негізгі мәселелерді конструктивті, іргелі және жүйелі түрде талдау жасау, қоғам дамуының жаңа сапалы кезеңдеріне қол жеткізу сияқты жұмыстар ғалымдардың айтуынша, осындай істің болашағын алдын ала болжай білу қасиеттер мен мүмкіндіктерге, сол арқылы алда күтіп тұрған өзгерістердің бейнесін алдын ала жасау немесе болашақ қоғамдық-саяси шаралар сценариін құрып, алдағы әлеуметтік-саяси стратогемдерді түзу сияқты істерге тікелей байланысты болатындығын айтқанымыз жөн. Бұдан бір жағынан, алдын ала көре білу, озық ойлау, болжап білу, күні бұрын болжап айту сияқты ұғымдар, өмірді алдын ала озық бейнелеу жөніндегі ғылыми-философиялық теориясы арасында тікелей байланыстардың бар екенін аңғару қиын емес. Бұл концепцияның мәні

таным процесі барысында шынайы болмыс заттары мен құбылыстарының бүгінгі күні адам санасында өткінші өмірдің жай бір елеусіз жағдайы ғана болып бейнеленетін, бірақ келешек қоғамдық-тарихи даму барысында ол өзнше бір шындыққа айналып, тәжірибеде өз бекінісін тауып жататын қырлары мен қасиеттері өзінен белгі беріп, анықталып тұрады дейтін көзқарасқа саяды. Тірі организмнің сыртқы табиғи жағдайларға бейімделу заңдылығын айта келіп, П.К.Анохин бүкіл жан-жануарлар тарихы ежелден келе жатқан шындықты озық бейнелеу деген сияқты заңдылықты жандандыра түсетіндігін мойындайды. Келтірілген ғылыми тұжырымда көңіл аударатын мәселе, ол – автордың өзі ұсынып отырған тірі жаратылыстың сыртқы ортаға икемделушілік реакциясының болу принципін жасаудағы бейнелеу теориясының методологиялық маңызын арнайы көрстуі. «Алдын ала көре білу» және «озық ойлау» ішкі мазмұны мен мәні тұрғысынан алғанда синоним ұғымдар болып табылады. Бұл терминдердің бүгін де ғылыми шығармашылық пен саяси ізденістердің әдіснамалық негізі, заңдылығы болады деу шындыққа жанасады.

Біздің мәселені зерттеудегі тағы бір әдіснамалық негіз қазаққа тән ортодоксальды **толеранттық** принциптің маңызы зор деп айтар едік. Толеранттық мемлекетіміздің әлемдік саяси кеңістікте бір жағынан, тұрақты дамуының айқындаушы факторларының бірегейі, екінші жағынан, оның ішкі және сыртқы саясатындағы динамиканың өлшемі болады десек артық айтпағандық. Қазақ қоғамының сыртқы саясатында **толеранттық** принциптің негізге алынуы дала өркениетіндегі еларалық ынтымақтастыққа деген ниеттің априорлық нұсқасын көрсетпек, әрі қазақ қоғамының тереңде жатқан трансформациялық коммуникативтік табиғатын анықтамақ. Бұл категорияны дала қоғамының, қазақ халқының ұлы құндылығы, саяси әдептік мәдениетінің биік шоқтығы деп анықтауға болады. Толеранттық принципі «ел аралық өзара ынтымақтастық» ұстанымының метарухани негізі, кеінгісін іске асыру механизмі және дәнекері болмақ. «Ел аралық сенім» принципінің константтық жағдайда болуының кепілі бола алады. Толеранттық - халықаралық қатынастағы «жауапкершілік» принципінің рухани тірегі. Олай болса, толеранттық – қазақ билерінің сыртқы саясатында әдіснамалық база қызметін атқарғандығы **күмән туғызбайды.**

Осылардан туындайтын әдіснамалық мәселенің бірі – ол қазіргі халықаралық қатынас эпистемасындағы «еркіндік», «әділдік», «қауіпсіздік», «демократия», «әлемдік өзара тәуелділік», т.б. ұғымдарының аксиологиялық құзіреттік дәрежесі төмендеп, олардың методологиялық негіздік мәртебесі әлсіреуде. Сонымен бірге, еркіндік пен жауапкершілік, материалдық және имматериалдық факторлар, интеграция мен дезинтеграциялық үдерістер арақатынасы өте мықты өзгерістерге ұшырауда.

Мақалада көзделген міндет. Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** жүзеге асыру көзделеді:

- билердің халықаралық қатынаста саяси шешендік амплуасына, оның саяси онтогенездік болмысына терориялық-әдіснамалық тұрғыдан талдау жасау;
- қазақ хандығы билерінің сыртқы саясатындағы «жерұйық», «ел тұтастығы» мен «ел бүтіндігі», «көрші елдермен тату тұру», «еларалық саяситолеранттық» т.б.стратогемдерінеконцепциялық талдау жасау және геостратегиялық маңызын анықтау;
- нысанаға алынған тарихи кезең билерінің сыртқы саяси тактикалық амалдарының астарындағы геостратегиялық «саяси тәуекел», «саяси көрегендік» сияқты ұлттық идеогемдерін саяси концептуальдық геостратегиялықыңғайда айқындау.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. «Сумеречная зона» или «ловушки» переходного периода. – Алматы, 2016. -256 с.
2. Әбжанов Ханкелді
3. Сидхард Саксенаның:
4. Булекбаев С.Б. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизацию. –Алматы: ТОО «BAViS systems», 2016. -316 с.
5. Ежелгі Үйсін елі. Қытай деректері мен зерттеулер/Құрастырған Шадыман Ахметұлы. ҚХР Шыңжаң халық баспасы, Үрімжі.-2005.-390 б.

УДК 373.55

Тезекова О.Т.
Доктарант
«8D01103- Педагогика и психология»
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
E-mail: tezekova.o@gmail.com

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін: Аталмыш мақалада автор мектеп оқушыларының ақпараттық қауіпсіздік мәселесін қарастырады. Зерттеу жұмыстарына сәйкес, автор ақпарат көздерінің түрлерін, ақпараттық қауіпсіздіктің оқушылар арасындағы маңыздылығын және оның бүгінгі таңда өзектілігін талқылайды.

Тірек сөздер: ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық соғыс, интернет желісі, интернет тәуелділік

Tezekova O.T
PhD student
"8D01103- Pedagogy and psychology"
L.N. Gumilyov Eurasian national university
Astana, Kazakhstan
E-mail: tezekova.o@gmail.com

THE IMPORTANCE OF INFORMATION SECURITY FOR SCHOOL CHILDREN

Annotation: In this article, the author considers the problem of information security of school children. Based on the results of the study, the author discusses the types of information sources, the importance of ensuring information security among students and its relevance today.

Key words: information security, information war, Internet, Internet addiction

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының "Өзін-өзі басқару ісін қайта жаңғырту" атты төртінші бағдарында: "Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік басқару жүйесіне серпіліс қажет. Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса назар аудару керек"- деді [1].

Мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың қазіргі теориялық және тарихи негіздерін бірқатар отандық зерттеушілер М.С.Нұртазин, В.Н. Уваров, Л.С. Таршилова, Ж.Қ. Қайкенова, А.Байменов және т.б. зерттеген.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж.) және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы (2001ж.) болып табылады. Заңға 2002-2013 аралығында өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенмен, бұл жергілікті басқару аясында тиімді нәтиже берген жоқ.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Тұжырымдамасы бекітілді. 2015 жылдың мамыр айында Қазақстан Президенті институттық реформаларды жүзеге асыру бойынша 100 қадамды белгіледі. Аталған Ұлт Жоспары аясындағы жергілікті өзін-өзін басқаруды одан әрі дамытуға бағытталған тармақтар:

"97-ші қадам – Өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту. Мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру. Үкімет мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшам бола түседі.

98-қадам – Селолық округ, ауыл, село, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетін болады. Облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейді" [2].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін негізгі нәтижелер:

"2023 жылы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заңның қабылданады;

- 2021-2025 жылдар ішінде жергілікті тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы 2,5 мың ауылдық округ әкімін қайта сайлау -2021 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы аралығында;
- 2024 жылдан бастап барлық ауылдық округтерде өкілді орган – Кеңес жұмыс істейді;
- 2022 жылы барлық деңгейдегі мәслихаттар мәжілісі онлайн трансляциялаумен қамтылады;
- 2024 жылдан облыстарда аудан әкімдерін тікелей сайлау енгізіледі;
- 2025 жылға қарай жергілікті өзін-өзі басқару органдарының интернет-ресурстары құрылады;
- 3,5 мың ауылдық елді мекеннің инфрақұрылымы (негізгі және спутниктік) өңірлік стандарттардың параметрлеріне дейін жеткізіледі" [3].

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын іске асыру аясында жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерін шешудегі халықтың рөлін бағалау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың жекелеген топтары арасындағы қақтығыстардың алдын алатын, аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және аймақтардың тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды институт болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелерінде білікті кадрлардың жетіспеушілігі, сайлау процесінің атқарушы билікке қатты тәуелділігі, билік пен бюджет ресурстарының орталықтандырылуы, құқықтық актілердің нормаларын іске асыру тетіктерінің жоқтығы, жергілікті тұрғындардың жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу белсенділігінің әлсіздігі - бұл мәселелердің барлығы қоғам үшін теріс салдарды тудыруы мүмкін:

- жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін құқықтық тіркеудің экономикалық, саяси, әлеуметтік жағдайларының нашарлауы;
- басқару тиімділігі, жергілікті ресурстарды пайдаланудың төмендеуі;
- жергілікті тұрғындардың өмірінде өзін-өзі қамтамасыз етудің жоқтығынан мінез-құлқы барған сайын әлеуметтік шиеленіс пен жанжалдың көзіне айналуы;
- ауыл тұрғындарының көші-қон және эмиграция процестерінің күшеюі;
- халықтың әлеуметтік белсенділігі мен билікке сенім деңгейінің төмендеуі;
- ауылдың мәдени, этникалық, моральдық деградациясы;

- мемлекеттің экономикалық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі;
- мемлекет пен қоғам мүдделерінің теңгерімсіздігі.

Дүниежүзілік тәжірибе жергілікті өзін-өзі басқарудың халқы жинақы тұратын төменгі әкімшілік-аумақтық бірліктерде тиімді жұмыс істейтінін көрсетеді. Қазақстанда бұл ауыл, ауыл, (селолық) округ, кент, аудандық маңызы бар қала, қала құрамындағы аудан. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттігі кезең-кезеңімен жүзеге асуы керек, әйтпесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмауы мүмкін. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік институттар тарапынан да, азаматтар тарапынан да сенім олардың жұмысы барысында ғана көрініс табады.

Зерттеу барысында мемлекеттік органдардың халықпен кері байланыс деңгейін анықтау үшін әлеуметтік сауалнама пайдаланылды. Сауалнама Дулати Университетінің 50 студенті мен 30 оқытушысы арасында жүргізілді (1,2-суреттер).



1-сурет. "Жергілікті өзін-өзі басқаруды" қалай түсінесіз?

"Жергілікті өзін-өзі басқару - халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын осы Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет",-делінген [4].

Сауалнама нәтижесі респонденттердің «жергілікті өзін-өзі басқару» ұғымына толық анықтама бере алғанын көрсетіп отыр. Респонденттердің көпшілігі, яғни 62% - азаматтардың жергілікті қоғамдастықтары деп жауап берсе, 28%-ы билік органдары, 10%-ы әкімдерді сайлау деген пікірде.

Бүгінгі таңда Президент Қ.Тоқаевтың "Еститін мемлекет" Тұжырымдамасы қоғам арасында кеңірек танылған. Біздің зерттеуіміз үшін халықтың «Еститін мемлекет» ұғымын түсіну деңгейін анықтау маңызды болды. Респонденттің 45%-ы халыққа жақын мемлекет деп түсінсе, 36%-ы ашық мемлекет деген пікірде, ал 19%-ы "еститін мемлекетте қолжетімділік пен айқындылыққа қол жеткізуге болады" деп ойларын ашық білдірді.

2-сурет. "Еститін мемлекет" ұғымы нені білдіреді?

«Еститін мемлекет» қағидасы халық арасында кері байланысын жақсы тудыруда. Бұл үрдіс әлеуметтік желілерде байқалады, тұрғындар әлеуметтік желі арқылы әкімдерге өзекті мәселелерін жазып, естулерін өтінуде.

Жалпы алғанда, әлеуметтік сауалнама нәтижесі халық мемлекетпен ашық диалогқа дайын деп есептейміз.

Зерттеу нәтижелері келесідей ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

- жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде жұмыс істейтін азаматтық қоғамның тиісті құрылымдарын қалыптастыру және дамыту мақсатында халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет.
- Қадағалау-тексеру және тіркеу органы Кеңесті құру бойынша жұмыстарды жүргізу керек.

- Мәслихаттар сайлаған әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін ауылдық округ әкімдерін тікелей халыққа сайлау мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

- Ауылдық округі әкімі лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптарды жеңілдету, жоғары білімі мен жұмыс тәжірибесін ғана негізге алу орынды.

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне тиісті өзгерістер енгізумен өзін-өзі басқару бюджетінің мәртебесін заңды түрде бекіту қажет.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://akorda.kz.

2. 100 нақты қадам Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. https://adilet.zan.kz.

3. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығы.

4. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. https://adilet.zan.kz.

УДК 368.9(574)

К. Иштирякова
Студент
051600 Финансы
Профессиональный колледж “ALEM”
Тараз, Казахстан
e-mail: socnaab@gmail.com
Н. Калыбекова
Научный руководитель
магистр, преподаватель экономических дисциплин
Профессиональный колледж “ALEM”
Тараз, Казахстан
e-mail: nurilya.kalybekova @mail.ru

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. Изучение современного состояния обязательного социального медицинского страхования РК как важной составляющей национальной экономики и новаций в сфере обязательного медицинского страхования, обеспечивающего стабильное развитие экономики, изучение проблемы данного сектора, разработка новых направлений развития для созданияусловий для укрепления стабильности страхового рынка и защиты населения; сделать анализ новой системы обязательного медицинского страхования. Также автором были предложены направления по совершенствованию деятельности системы ОСМС. Работа является результатом исследований на материалах официальных статистических источников за период 2017–2021гг.

Ключевые слова: Обязательное социальное медицинское страхование, медицинские услуги, финансирование здравоохранения.

K. Ishtyriakova
Student
051600 Finance
"ALEM" Professional College
Taraz, Kazakhstan
e-mail: socnaab@gmail.com
N. Kalybekova
Scientific supervisor
master, teacher of economic disciplines
"ALEM" Professional College
Taraz, Kazakhstan
e-mail: nurilya.kalybekova @mail.ru

CURRENT STATE OF OBLIGATORY SOCIAL MEDICAL INSURANCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. Study of the current state of mandatory social medical insurance of the Republic of Kazakhstan as an important component of the national economy and innovations in the field of mandatory medical insurance, which ensures stable economic development, study of the problem of this sector, development of new directions of development to create conditions for strengthening the stability of the insurance market and protection of the population; to analyze the new system

of mandatory medical insurance. The work is the result of research on the materials of official statistical sources for the period 2017–2021.

Key words: Compulsory social health insurance, medical services, healthcare financing.

Страховой рынок Казахстана динамично развивается без конкуренции, но при этом есть свои недостатки, связанные с реформами в законодательстве и девальвационными качелями. В этих условиях неопределенности постараемся внести ясность в некоторые аспекты обязательного медицинского страхования. Прежде определимся с понятиями.

В учебнике В.В. Шахова дается определение с точки зрения государственной ответственности: «Обязательное медицинское страхование — составная часть государственного социального страхования, оно обеспечивает всем гражданам возможность получения медицинской и лекарственной помощи, предоставляемой в счет средств обязательного медицинского страхования в объеме и на условиях, соответствующих программам обязательного медицинского страхования» [1].

В Законе РК закреплено следующее понятие: "обязательное социальное медицинское страхование - комплекс правовых, экономических и организационных мер по оказанию медицинской помощи потребителям медицинских услуг за счет активов фонда социального медицинского страхования" [2].

В целях реализации Послания Президента народу Казахстана от 1 сентября 2020 года «Казахстан в новой реальности: время действий», Общенациональных приоритетов Национального плана развития Республики Казахстан до 2025 года Министерством здравоохранения разработан национальный проект «Качественное и доступное здравоохранение для каждого гражданина «Здоровая нация» на 2021-2025 годы.

Медстрахование в Республике Казахстан на сегодняшний день представлено двумя пакетами: гарантированный объем бесплатной медицинской помощи (далее - ГОБМП) и обязательное социальное медицинское страхование (далее - ОСМС). Ряд передовых стран успешно внедрили данную систему и в 2017 году появилась в Казахстане. Правда, изначально она носила добровольный, а не обязательный характер. Пакет обязательного медицинского страхования шире, чем ГОБМП. При этом ставка взносов не влияет на доступ к услугам: для всех застрахованных граждан он одинаков. Чтобы его получить необходимо производить ежемесячные взносы в Фонд медстрахования, который выступает в роли некоммерческой организации, закупающей услуги у больниц и поликлиник.

Внедрение ОСМС позволяет обеспечить принципы универсальности, социальной справедливости и солидарности. Такой подход требует распределения ответственности между государством, работодателем и гражданами за охрану здоровья. В Казахстане будет смешанная система, когда государство будет обеспечивать всех граждан гарантированным объемом бесплатной медицинской помощи (ГОБМП), независимо от того, уплачивались ли взносы. Плюс, будет действовать система обязательного социального медицинского страхования (ОСМС) и добровольное медицинское страхование.

ОСМС основано на солидарной ответственности государства, работодателя и каждого человека: государство будет осуществлять взносы за экономически неактивное население (за социально-незащищенные слои населения: 4% (с 01.07.17 г.) от СМЗ-2 года, 5% (с 2018 г.), 6% (с 2023 г.), 7% (с 2024 г.) работодатели – за наемных работников (с 2% (2017 г.) от дохода до 5% (2020 г.) работники (1% (2019 г.) от дохода, 2% (2020 г.) и самозанятые граждане, зарегистрированные в налоговых органах – за себя (2% от дохода (с 2017 г.), 3% (с 2018 г.), 5% (с 2019 г.), 7% (с 2020 г.). Организован фонд социального медицинского страхования Фонд социального медицинского страхования (ФСМС) - это некоммерческая организация, которая осуществляет сбор отчислений и взносов, закуп и оплату услуг субъектов здравоохранения, оказывающих медицинскую помощь в объемах и условиях, предусмотренных договором закупа медицинских услуг [3].

Почему выбран ОСМС? Рассмотрим мировую тенденцию. "По результатам научного исследования в мире существуют три глобальные модели здравохранения:

- государственная (Великобритания, Испания, Италия, Швеция);
- общественное страхование (Германия, Франция, Бельгия);
- частное страхование (США)" [4].

Разный уровень доходов не обеспечивает гражданам равный доступ к медпомощи. Богатые добровольно не будут перечислять взносы за бедных граждан. В этой связи большинство стран ОЭСР выбрали ОСМС, которая позволяет перераспределять средства от менее нуждающихся к более нуждающимся. Мировой опыт показывает, что каждая страна формирует пакеты услуг, исходя из возможности и особенности своих стран. Большинство стран комбинируют их, чем фокусируются на одной. Также в страховых системах наблюдается тенденция увеличения роли государства.

Почему один Фонд? Модель единого плательщика абсолютно доминирует в странах Центральной и Восточной Европы и рекомендуется ВОЗ.

"В Германии существует единый и широкий пакет за счет СМС. При этом имеется альтернативный пакет частного страхования, на который имеют право лица, с доходом более 49,5 тыс.евро в год (это 11% населения страны)" [4].

В Литве, Польше, Венгрии и Молдове также существует широкий единый пакет для всех застрахованных ОСМС. ДМС играет минимальную роль в этих странах.

В Нидерландах имеют два пакета в рамках ОСМС: стандартный пакет для всего населения и дополнительный пакет для лиц пожилого возраста на случаи хронических болезней, ухода и т.п.

В России принят гарантированный государством пакет для всех граждан и базовый пакет в рамках ОМС для застрахованных граждан.

В Казахстане, исходя из норм Конституции, определены: пакет для ГОБМП для всего населения и пакет ОСМС для застрахованных.

Во многих странах мира, пакеты услуг включают социально-значимые заболевания. С 1 января изменился размер взносов и отчислений за обязательное социальное медицинское страхование (ОСМС). Это связано с повышением МЗП и МРП с 1 января 2022 года.

"Единый совокупный платеж (ЕСП): для жителей города -1 МРП, или 3 063 тенге; для сельских жителей - 0,5 МРП, или 1 531,5 тенге. «Самостоятельные плательщики будут платить 5% от МЗП, или 3 000 тенге. Государство будет платить за 15 льготных категорий граждан, на сегодняшний день этих категорий более 11 млн. Размер взноса на одного человека составляет 3 614,2 тенге» [3].

Обязательное социальное медицинское страхование предоставляется государством на бесплатной основе для определенных категорий граждан. Перечислим некоторых из них: дети; лица с регистрацией в качестве безработных; женщины, находящиеся в беременном положении; пенсионеры; участники Великой Отечественной войны; лица, находящиеся в следственных изоляторах и т.д. Также от уплаты взносов в фонд медстрахования государством освобождены военнослужащие, сотрудники государственных и правоохранительных органов.

Таким образом, наблюдается значительная положительная динамика в системе ОСМС: информированность населения растет; основная доля населения положительно оценивает изменения в предоставлении медицинских услуг; наблюдается двукратный рост посещений ПМСП; доля частных расходов на здравоохранение вдвое выше предельного уровня, рекомендуемого ВОЗ; уровень охвата населения системой ОСМС достаточно высокий - 84%. Тем не менее, около 3 млн. граждан страны остаются не охваченными. Для достижения целевых индикаторов необходима дальнейшая модернизация системы ОСМС. По нашему мнению, усовершенствование деятельности системы ОСМС позволит:

-создать финансово устойчивую систему ОСМС, основанную на солидарном финансировании всеми социальными партнерами и диверсификации источников дохода;

-увеличить и довести уровень инвестиций в здравоохранение до показателей стран-членов ОЭСР;

-повысить эффективность системы здравоохранения, основанную на приоритетном развитии ПМСП и доступности услуг пакета ОСМС;

-снизить долю прямых платежей населения за медицинские услуги от общих расходов на здравоохранение до уровня стран-членов ОЭСР;

-ликвидировать теневые платежи при оказании медицинской помощи;

-усовершенствовать механизмы финансирования поставщиков медицинских услуг и в целом усовершенствовать механизмы управления в здравоохранении.

В концепции до 2025 года перед сферой здравоохранения поставлены четыре задачи: развитие сферы здравоохранения; формирование современной системы эпидемиологического прогнозирования и реагирования; развитие отечественной фармацевтической промышленности; формирование у населения приверженности к здоровому образу жизни, правильному питанию, занятию спортом.

Таким образом, "прогноз структуры финансирования ОСМС в РК предполагает поэтапное уменьшение финансирования за счет общих налогов (ГБ на ГОБМП) с 32% в 2017 году до 10% к 2020 году, за счет взносов в ОСМС увеличение поступлений и взносов с 28% в 2017 году до 62% к 2020 году. Все это отразится на частных платежах населения, которые должны быть уменьшены с 36% в 2017 году до 25% к 2020 году" [5].

В целом, наблюдается положительная тенденция в развитии системы ОСМС в Казахстане. Для дальнейшего усовершенствования системы основные усилия необходимо сфокусировать на предстоящие 5 лет, которые должны стать «окном возможностей» для масштабного прорыва Казахстана. Базовыми ориентирами будут показатели стран-членов Организации экономического сотрудничества и развития, отражающие стандарты жизни и социального развития. Необходима система мониторинга эффективности внедрения ОСМС на базе информационных систем с дальнейшим принятием управленческих решений как на уровне регионов, так и на республиканском уровне.

ЛИТЕРАТУРА

1. Закон Республики Казахстан от 16 ноября 2015 года № 405-V «Об обязательном социальном медицинском страховании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04.09.2022 г.)

2. Шахов В.В. Страхование: учебник для студентов, обучающихся по специальности «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет, анализ и аудит». М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010. 511 с.

3. Дальке А.Ю. Медицинское страхование в Казахстане: состояние и перспективы // International Scientific and Practical Conference World science. – ROST, – 2017. – Т. 2. – №1. – С. 35-37.

4. Дудник В.Ю. Модели развития системы здравоохранения: мировой опыт (обзор литературы)//Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – №3-1. – С. 60-64.

5. Сарсенбаева А.Н., Капанова Г.Ж., Байгонова К.С. Специфика добровольного медицинского страхования в Казахстане // Наука о жизни и здоровье. – 2020. – №1.

ӘОЖ 338.436.33:331

А. Қаражан, Ә. Есенгелдиева
Студент
6В04212 Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: aigerim220620@icloud.com
e-mail: asel021402@icloud.com
Г.Амалбекова
Ғылыми жетекші
"Экономика" кафедрасының доценті, э.ғ.к.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: baken_t@mail.ru

АГРООНЕРКӘСІП САЛАСЫН СУБСИДИЯЛАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Бұл мақалада елдің агроөнеркәсіптік кешенінің жай-күйіне баға беру, ауылшаруашылығы өндірісі көлемінің өсуінің негізгі проблемалары мен перспективалары, әлемдік экономиканың тұрақсыздық жағдайында аграрлық сектордың тұрақты дамуы үшін әртүрлі процестерінің маңыздылығы айтылған. Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау мәселелері, субсидиялардың түрлері мен оларды бөлу тәртібі, сондай-ақ Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы субсидиялардың рөлі қарастырылған. Авторлар аграрлық экономиканы мемлекеттік реттеу мен қолдау тиімді протекционизм саясатының стратегиялық мақсаттарының бірі және агроазық-түлік нарығында еркін бәсекелестікті қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтеді.

Негізгі сөздер: ауыл шаруашылығы, субсидия, инвестиция, агроөнеркәсіп, мал басы, импорт, азық-түлік, экспорт.

A. Karazhan, A. Esengeldieva
Student
6B04212 Public administration and administrative law
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: aigerim220620@icloud.com
e-mail: asel021402@icloud.com
G. Amalbekova
Research supervisor
candidate of Economic Sciences, Associate Professor
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: baken_t@mail.ru

PROBLEMS OF SUBSIDIZING AGRICULTURAL INDUSTRY

Abstract. This article assesses the state of the country's agro-industrial complex, the main problems and prospects of increasing the volume of agricultural production, the importance of various processes for the sustainable development of the agrarian sector in the conditions of instability of the world economy. The authors note that state regulation and support of the agrarian economy is one of the strategic goals of an effective protectionist policy and ensuring free competition in the agro-food market.

Key words: agriculture, agriculture, investment, agricultural industry, livestock, import, food, export.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені ел экономикасы саласының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. АӨК қоғам үшін өмірлік маңызды өнім шығарады. Мемлекеттің экономикалық жағдайы, азық-түлік қауіпсіздігі және соның салдарынан қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайы аграрлық саланың дамуына байланысты. Ауыл шаруашылығы тек Агроөнеркәсіптік кешенде ғана емес, еліміздің бүкіл экономикасында ерекше орын алады [1].

1990 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының динамикасына жүргізілген талдау нәтижелері Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермер қожалықтарында 1-кестеде келтірілген.

1-кесте.

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының динамикасы, 1990-2001ж.ж.

Көрсеткіштер	Ауыл шаруашылығы кәсіпорны					Шаруа (фермер) қожалықтары				
	1990	2015	2021	2021		1990	2015	2021	2021	
				1990	2015				1990	2015
Негізгі ауыл шаруа - шылығы дақылда-	35,2	12,8	13,7	0,4	1,1	-	8,0	9,0	-	1,1

рының жалпы егіс алаңы, млн га										
Дәнді дақылдар (күріштіқоспаған-да), бұршақ тұқымдар	66,5	77,3	89	1,2	1,2	-	74,4	77,1	-	1,0
оның ішінде бидай	40,7	63,4	63	1,6	1,0	-	45,5	47,5	-	1,1
көкөністер мен бақ-ша дақылдары, та-мырлы жемістер мен түйнектер	0,9	0,3	0,3	0,3	1,0	-	2,6	3,0	-	1,1
Жемшөп дақылдары	31,5	14	10,6	0,4	0,8	-	21,2	18,1	-	0,8

1-кестенің жалғасы

1 шаруашылыққа тиесілі, га										
Егіс алаңы, га	7120	996,0	739,1	0,1	0,7	-	42,5	40,0	-	0,9
Ескерту: [3] Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері бойынша жасалды, 1990 ж., 2015-2021 жж.										

Субсидияны мемлекет қаржыландырады. Ол сондай-ақ стратегияларды, бағдарламаларды әзірлейді, сонымен қатар ақшаны өз өкілдіктері арқылы таратады. Қазақстанда орташа субсидиялар ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 4-5% -нан аспайды. Бұл бекітілген деңгейден төмен.

АӨК субсидияларға мұқтаж екендігін ауыл шаруашылығы министрінің атына келген өтініштер тікелей куәландырады. Жүздің 36% - ы дәл осы қолдау механизміне жатады. Кәсіпкерлер ауыл шаруашылығы министрлігіне себеппен жазады. Шағымдардың жалпы көрінісі Қазақстанның барлық өңірлеріндегі өндірушілер үнемі субсидия алуда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Болашақта мұның бәрі экспорттқа әсер етеді. Шикізатты сатуды ескере отырып, қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты соңғы бес жылда тұрақты түрде өсті. 2019 жылдың соңында экспорт көлемі 5,9% - ға өсіп, 3,3 млрд долларды құрады. Бұл ретте 70% - дан астамы өсімдік шаруашылығымен қамтамасыз етіледі. Айта кету керек, ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамамен 80% - ы шикізат ретінде, қайта өңдеусіз сатылады. Өткен жылы өңделген өнім экспорты 2018 жылмен салыстырғанда 20,7% - ға төмендеді дейді сарапшылар. Шын мәнінде, ақшалай түрде валютаны қайта бағалауға байланысты құлдырау небәрі 2,3% - ды құрап тұр, 1,1 миллиард долларға жетті. Осылайша, Қазақстан өсімдіктерді экспортқа жиі бағыттай отырып, ШОБ-ты терең өңдеумен және мал шаруашылығымен айналысу мүмкіндігінен айырады. Нәтижесінде жем бағасы ішкі нарықта жоғары болып қалады.

Өсімдік шаруашылығы шетелдік инвестициялар үшін басымырақ екені байқалады. Алайда,сарапшылардың нәтижесі бойынша, соңғы төрт жылда инвестициялық табыс жылына 37% - ға төмендеген. Мәселен, егер 2015 жылы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 71,5 млн$ деңгейінде болса, 2019 жылы – 10,1 млн$, яғни бес жыл ішінде ол жеті есе азайды. Өсімдік шаруашылығы саласында қол жеткізілген нәтижелерді өңдеуден кейінгі салмақтағы дәнді дақылдардың (соның ішінде күріш пен бұршақ дақылдарының) өнімділігі бойынша бағалауға болады.

Яғни, біз көріп отырғанымыздай, тұқымдарға, гербицидтерге, дақылдарға, жанар-жағармай материалдарына және т.б. жыл сайынғы субсидиялар астық өнімділігінің тұрақты өсуін қамтамасыз етпейді. Сондай-ақ, АӨК-нің табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді екені байқалады. Сонымен, 2010 жылдан 2019 жылға дейінгі орташа өнімділік 12 ц / га құрады. Әрине, бұл көрсеткіш төмен деңгейде.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығындағы 56 бағытты субсидиялау тәртібі белгіленген 14 субсидиялау ережесі қолданыста.

2019 жылға арналған агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялаудың жалпы сомасы 317,7 млрд. теңгені құрады (инвестициялық субсидиялауға бюджеттен қосымша бөлінген қаражатты ескере отырып, 11 млрд. теңге және мал шаруашылығын дамытуға субсидиялауға 36,7 млрд. теңге) немесе 2018 жылмен салыстырғанда 27% - ға артық.

2019 жылға арналған субсидиялаудың ең қаржыландырылатын түрлері:

1. Инвестициялық субсидиялау - 78,0 млрд. теңге;
2. Мал шаруашылығын субсидиялау-66,2 млрд. теңге;
3. Агрохимияны субсидиялау - 39,5 млрд. теңге;
4. Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау - 20,6 млрд. теңге;
5. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау (ірі агрохолдингтерді қаржылық сауықтыру) - 15,1 млрд. теңге;
6. Тұқымдарды субсидиялау - 10,4 млрд. теңге;
7. Терең өңдеуді субсидиялау - 2,7 млрд. теңге;
8. Өзге субсидиялау-3,8 млрд. теңге.

4 жыл ішінде субсидиялау көлемі: 2016 жылы - 220,7 млрд.теңгені, 2017 жылы – 260,5 млрд. теңгені, 2018 жылы – 226,2 млрд. теңгені құрады [2].

Сонымен қатар, субсидиялау түріндегі Агроөнеркәсіптік кешендегі бизнесті мемлекеттік қолдаудың іске асырылып жатқан шаралары "агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңның 11-бабының талаптарын толық орындауды қамтамасыз етпейді, оған сәйкес субсидиялау Агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамытуды экономикалық ынталандыру, өндірілетін субсидияның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру шартымен жүзеге асырылады.

2019 жылы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасына агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша кәсіпкерлердің 1300-ден астам өтініші келіп түсті, олардың көпшілігі субсидиялау проблемаларын қозғады.

Мемлекеттік қолдау шаралары негізінен жалпы нәтиже беретін ірі кәсіпорындарға бағытталған.

Мал шаруашылығы және Өсімдік шаруашылығы бөлінісінде өңірлер бойынша субсидияларды бөлу әрбір өңірдің ерекшелігін (оның маманданыуын), табиғи-климаттық жағдайларды, экономикалық және еңбек әлеуетін, әрбір өңірде осы салалардың дамуын ескерусіз жүргізілді, бұл оның ауыл шаруашылығы өнімін жалпы республикалық және өңірлік шығаруға қосқан сапалық үлесіне әсер етеді.

Субсидиялауды қаржыландырудың жоспарланған тапшылығы лауазымды адамдар тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерімен және өзге де теріс пайдаланулармен өтелетін сұраныс пен ұсыныстар арасындағы теңгерімсіздікті тудырады.

Сыбайлас жемқорлық көріністері сертификаттарды жеделдетіп беруі, ет өнімдерін кедергісіз әкелуі, зертханалық зерттеулерді жеделдетіп жүргізілуі, орындалған жұмыстар актілеріне жалған қол қойылу, сыйлықақы төлемдерін заңсыз есептелуі, субсидиялар бергені, сондай-ақ арнайы ауыл шаруашылығы техникасын тіркегені үшін ұрлаумен, парақорлықпен және теріс пайдаланумен байланысты болады.

Бизнес субъектілерімен өткізілген кездесулер уәкілетті орган жүргізетін мал шаруашылығын субсидиялау саясаты осы саланы реттеу теңгерімсіздігіне қауіп төндіретінін көрсетті.

2018 жылы мал шаруашылығын субсидиялауға 76,7 млрд. теңге, оның ішінде субсидиялауға бағытталды:

* етті мал шаруашылығы-32,5 млрд. теңге (42,4%);
* сүтті мал шаруашылығы-11,0 млрд. теңге (14,3%);
* етті құс шаруашылығы-9,1 млрд. теңге (11,8%);
* жұмыртқа құс шаруашылығы - 8,1 млрд. теңге (10,5%);
* қой шаруашылығы-5,9 млрд. теңге (7,7%);
* шошқа шаруашылығы – 1,8 млрд. теңге (2,3%);
* жылқы шаруашылығы-1,4 млрд. теңге (1,8%);
* басқа бағыттар (Түйе шаруашылығы, марал шаруашылығы, бұғы шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, ара шаруашылығы және жемшөп өндірісі) – 5,4 млрд.теңге (7,0%) [2].

Субсидиялардың бұл түрлерін 20 мыңнан астам фермер пайдаланады.

Соңғы 5 жылда мал шаруашылығына барлық субсидиялардың кемінде 40% етті мал шаруашылығына жұмсалады. Алайда, бұл бағыттан айтарлықтай қайтарым байқалмайды, бұл ретте 7 жыл бойы мемлекеттік қолдау күшейтілді.

Айта кету керек, "етті мал шаруашылығын дамытудың 2018-2027 жылдарға арналған бағдарламасында" 100 мың отбасылық ферма құру көзделген.

Яғни, 2027 жылға дейін 100 мың отбасылық ферманың есебінен жыл сайын 10 мың отбасылық ферманы құру қажеттілігі туындайды. Алайда, 2018 жылы барлығы 580 отбасылық ферма құрылды, олар 54 мыңнан астам бас әкелді, орташа есеппен 1 шаруашылыққа 90 бас.

Бұл ретте қойлардың жергілікті ұстау жағдайларына бейімделуіне, жоғары рентабельділікке және шетелде қой етіне деген үлкен сұранысқа байланысты фермерлердің қой өсіруге үлкен қызығушылығын атап өту қажет. Бұл 2018 жылы мемлекеттік қолдаудың едәуір төмендеуімен 500-ге жуық шаруа қожалықтары 170 000-нан астам бас әкелгенімен расталады, бір шаруашылыққа орта есеппен 340 бас.

Алайда, қой және жылқы шаруашылығы сияқты бағыттарды мемлекеттік қолдау олардың дәстүрлері тартымды және өзіндік құны төмен болғанымен, әлі күнге дейін назардан тыс қалады.

Маңызды бағыттардың бірі-сүт өндірісі. Сүттің жыл сайынғы тапшылығы 1 млн. тоннаны құрайды, оны $270 млн сомасына сүт өнімдерінің жыл сайынғы импорты алмастырады.

Ет құс шаруашылығында үлкен әлеует бар, оның ішкі өндірісі қажеттіліктің 50% -ғана қамтамасыз етеді.

Барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерде жануарлардың өнімді және асыл тұқымды қасиеттерін арттыру мақсатында жоғары өнімді өндірушілердің генетикалық әлеуетін асыл тұқымды және өнімді мал басы арасында кеңінен тарату қажет.

Бизнестің пікірінше, мал шаруашылығының барлық салаларына тең жағдай жасау, бордақылау алаңдары үшін өлшемшарттарды 1000-нан 500 басқа дейін төмендету, өндіріс қуатына қарамастан барлық сүт өндірушілер үшін субсидиялар нормативін теңестіру қажет.

Мысалы, Жамбыл облысына 2,4 млрд.теңге (23,5%) бөлінді, оның 2,3 млрд. теңгесі (94,0%) субсидия түрінде қант қызылшасына бағытталды. Негізгі мемлекеттік қолдауды қант зауыттарына тапсыру кезінде 12 мың теңге/тоннадан субсидияланған шағын және орта ШҚ алды.

Нәтижесінде, соңғы 3 жылда қант қызылшасының егіс алқабы 38,1% - ға ұлғайды, ал қант қызылшасының жалпы өнімі 345,0-ден 504,5 мың тоннаға дейін (+46,2%).

Айта кету керек, заңмен субсидиялар төлеу тәртібін белгілеу құзыреті берілген ауыл шаруашылығы министрлігі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы"Заңның 11-бабында айқындалған ауыл шаруашылығы қызметінің қандай да бір бағыттары бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы шешімді Қағидаларда дербес қабылдайды. Осылайша, заңға тәуелді акт осы баптың қолданылуымен шектеледі.

Мәселен, талқыланатын қағидаларды өзгерту жобалары шеңберінде Министрлік тамақ жұмыртқасын өндіру құнын арзандатуды субсидиялауды болдырмау туралы шешім қабылдады.

Мемлекеттің АШТӨ шығындарын субсидиялау бойынша өзіне алған міндеттерін орындамауы елеулі проблема болып қала береді. Субсидиялар төлеу бойынша мемлекеттің берешегі еліміздің барлық өңірлерінде байқалады.

2019 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы фермерлер алдындағы субсидиялар бойынша мемлекеттің қарыздары шамамен 11,8 млрд. теңгені құрады, бұл іс жүзінде жергілікті аграрийлерді өмір сүру шегіне жеткізді. Қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген сомадан 7,5 млрд. теңге мөлшерінде берешек өтелді.

Елдің шекаралас облыстарының ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға көрші мемлекеттерде өзінің ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау жөніндегі белсенді саясат елеулі әсер етеді.

Мәселен, Өзбек Республикасының Мемлекет басшысы қабылдаған мал шаруашылығын қолдау жөніндегі бағдарламалық құжаттардың нәтижесінде 2018 жылы Өзбекстанға 39 мың бас ІҚМ экспортталды. Ал 2019 жылдың 11 айында экспорт 2,7 есеге ұлғайып, 113,2 мың бас ІҚМ құрады. Бұдан басқа, ағымдағы жылы Өзбекстанға шағын және орта бизнестің экспорты 203,8 мыңнан астам басты құрады (2018 жылы – шамамен 30 мың бас). Бұл ретте Өзбекстанға ІҚМ мен ұсақ-түйектің негізгі экспорты Түркістан облысының 3 ауданына тиесілі: Келес, Сарыағаш және Сайрам.

Негізгі экспорттаушылар ШҚ, ЖК және ӘКК болып табылады. Экспорттың едәуір үлесі Түркістан облысының мынадай шаруашылықтарына тиесілі: "Құт береке" ШҚ - 32 мың бас, "Парида" ШҚ - 8 мың бас, "Аян" ШҚ - 5 мың бас. Бұдан шығатыны, малды экспорттаудың" сұр "схемалары белгілі бір шаруа қожалықтары арқылы белгілі бір адамдар тобымен үйлестіріледі.

Айта кету керек, статистикалық деректерге сәйкес Түркістан облысында ІҚМ саны ағымдағы жылдың басынан бері 3,1% - ға немесе 31 мың басқа артты, ал өңірден 2,5 есе көп экспортталды. Бұл Түркістан облысы арқылы басқа аймақтардан жануарлардың айтарлықтай қозғалысын көрсетеді. Бұл ретте мал шаруашылығының ақпараттық жүйесінде (ӨИС) осы малдың орнын ауыстыруды қадағалау проблемалы, малды союға ресімдеуге, ал іс жүзінде елден тегті ауыстыру арқылы әкетуге болады.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың иелері малды қазақстандық өңдеушілерге сатудан бас тартатынын атап өткен жөн, өйткені Өзбекстан азаматтары тарапынан Төлем шарттары олар үшін анағұрлым тиімді болып табылады. Жағдайды түзету мақсатында қазіргі уақытта малды көрші мемлекеттерге әкету шектелген. Мемлекеттік қолдаудың, оның ішінде мал шаруашылығын субсидиялаудың, мал шаруашылығын қайта өңдеу үшін ішкі нарықта өткізуді ынталандырудың корреляциясы қажет.

Осылайша, отандық АШТӨ-ні қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру жөніндегі уәкілетті органның қызметі көршілес мемлекеттер қабылдап жатқан ынталандыру шараларын есепке алмай жүзеге асырылды, бұл агроөнеркәсіптік кешен салаларын дамытуды тиімді экономикалық ынталандыру, отандық өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігін шектейді.

ӘДЕБИЕТ

1. Камысбаев, М.К. Состояние занятости в аграрном секторе экономики Казахстана / М.К. Камысбаев, Л.А.Омарбакиев // Вестник университета Туран.-2019.
2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017- 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысы. //https://adilet.zan.kz.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Статистика Бюросы. Жылнамалық 2021. https://stat.gov.kz.

ӘОЖ 330.722 (574):321

Е. Шапауов, Д. Сейсебай
Студент
6В04212 Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: yerzhanrrk@icloud.com
e-mail: dauletuly08@icloud.com
Амалбекова Г.Е.,
Ғылыми жетекші
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, м.а.,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: baken_t@mail.ru

ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ БАҒЫТТАРЫ

Түйін: Елімізде шағын кәсіпорындар кез-келген экономиканың дамуы мен өсуінің қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Экономикалық өсуді ынталандыру және Ұлттық экономикалық саясат пен көзқарасқа қол жеткізу бағытында қарқынды дамуға ықпал ету үшін тартымды іскерлік орта және шағын кәсіпкерліктің тиімділігін арттыру мақсаты басты назарда болуы керек. Сол себепті, бұл мақалада, шағын кәсіпкерліктің даму жағдайы, оның принциптері мен бағыттары талданған. 2022 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы жағдайы бойынша статистикасы және 2025 жылға дейін мемлекеттік қолдау бағыттары бойынша атқарылатын тапсырмалар көрсетілген.

Тірек сөздер: шағын кәсіпкерлікті қолдау бағыттары, бизнес, экономика.

E.Shapauov, D.Seisebay
Student
6B04212 Public administration and administrative law
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: yerzhanrrk@icloud.com
e-mail: dauletuly08@icloud.com
G. Amalbekova
Research supervisor
candidate of Economic Sciences, Associate Professor
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: baken_t@mail.ru

DIRECTIONS OF STATE SUPPORT FOR SMALL BUSINESSES

Abstract: In the country, small enterprises are considered as a driving force for the development and growth of any economy. In order to stimulate economic growth and promote rapid development in the direction of achieving National Economic Policy and vision, an attractive business environment should be a concern, and the focus is on improving the efficiency of small businesses. Therefore, this article analyzes the state of small business development, its principles and directions.

Key words: areas of support for small businesses, business, economy.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының перспективадағы басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы мақсатта шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны жылына 5-10%-ға өсуін, шағын кәсіпорындарда жұмыспен қамтылғандар санының жылына 5-7%-ға өсуін, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жалпы ішкі кәсіпкерлікке салымын ұлғайтуға бағытталған бірқатар шаралар әзірленуде.

Мемлекет басшысы – Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке кәсіпкерлерге арналған кезекті жолдауында:«Шағын бизнес қиын кезеңдерді бастан өткеруде, нәтижесінде олар пандемияның ауыртпалығын өз мойнына алды. Теріс экономикалық зардаптарды еңсеру үшін 700 мыңнан астам кәсіпкерге салықтық жеңілдіктер берілді. Кейінге қалдырылған төлемдер, тиімді шарттармен несиелерді қайта қаржыландырудың ұтымды мүмкіндігі. Дегенмен, жағдай әлі де қиын. Бизнес субъектілеріне қосымша көмек көрсету мақсатында маған экономиканың зардап шеккен салаларындағы шағын және орта субъектілерінің қолданыстағы барлық несиелері бойынша жылдық 6%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесі бойынша мемлекеттік субсидиялар беру тапсырылды. Субсидия төтенше жағдай жарияланған сәттен бастап, яғни ағымдағы жылдың 16 наурызынан бастап 12 айға ұзартылады» делінген болатын [1].

Еліміздегі шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері атап айтсақ, олар:

- шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің және кәсіпкерлердің өзге де коммерциялық емес ұйымдарының өкілдерінің шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеуге, шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің, мемлекеттік және муниципалдық бағдарламалардың жобаларын әзірлеуге және сараптауға қатысуы;

- мемлекеттік және муниципалды қолдау критерийлеріне сәйкес келетін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің көрсетілген қолдау түрлері мен нысандарына тең қол жеткізуі;

- кәсіпкерлік қызметтің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік билік органдарының, мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жауапкершілігі;

- шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдауды орталықсыздандыру.

Жаңа заң Еуропалық тәжірибемен барынша үйлестірілген микро және шағын кәсіпкерліктің негізгі критерийлерін, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша аймақтық билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерін белгілеуді көздейді.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдаудың маңызды шарасы, біздің ойымызша, шағын бизнеске арналған мемлекеттік тапсырыс болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі шағын бизнес үшін әкімшілік кедергілерді жою бойынша қабылдаған шаралар, ең алдымен, шағын кәсіпкерліктің қаржылық шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Кәсіпкерліктің кірістілігін қамтамасыз ету және оның өнімдерін өткізудің тұрақты нарықтарын құру үшін шағын бизнес өндіретін өнімге (тауарларға, қызметтерге) сұранысты қолдау құралдарын қалыптастыру ең тиімді болып табылады. «Тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, мемлекеттік және муниципалдық қажеттіліктерге қызмет көрсетуге тапсырыс беру туралы» 2005 жылдың 21 шілдесінде қабылданған Заң (5-бап) бойынша мемлекеттік тапсырыс берушілер тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігі үшін қызметтер көрсетуге тапсырыс беру жағдайларын қоспағанда, орналастыруды жүзеге асыруға міндетті деп көздейді осындай субъектілер қатысушылары болып табылатын сауда-саттықты өткізу жолымен тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің жалпы көлемінің 15% мөлшерінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінен тапсырыстарды атап айтуға болады.

2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі, 92-бап бойынша жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары, шағын кәсіпкерлікте мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Бизнес-инкубаторларды – кәсіпкерлерге үй-жайларды жалға беру және консультациялық, бухгалтерлік және заңгерлік қызметтер көрсету арқылы олардың қызметінің ерте сатысында қолдау көрсететін ұйымдарды құру және дамыту;
2. Кәсіпкерлікке арналған тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіретін шағын кәсіпкерлік субъектілерін қолдау;
3. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру жүйесін дамыту;
4. Шағын кәсіпкерлік саласындағы лизингтік қатынастарды дамыту;
5. Ғылыми-техникалық салада шағын кәсіпорындарды қолдау инфрақұрылымын құру және дамыту.

Бюджеттен шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемін одан әрі кеңейту мынадай міндеттерді шешумен байланысты болуы тиіс:

а) ең алдымен ішкі және әлемдік нарықтарда жеңіл кәсіпкерлік бастауды және кейіннен белсенді өсуді қамтамасыз етуге бағытталған қолдау түрлері мен нысандарын кеңейтумен;

б) іске асырылатын қолдау бағдарламаларының тиімділігін арттыру, оның ішінде нысаналы индикаторларға (сапалық та, сандық та) қол жеткізуді бақылау арқылы жүзеге асырылады. Мұндай бағдарламалардың табыстылығын бағалаудың негізгі критерийі жалпы өңірдегі шағын кәсіпкерліктің даму серпіні іске қосылатын кәсіпорындар санының өсуі, олардың негізгі қорларға, ҒЗТКЖ-ға инвестицияларының көлемі, кірістің, жұмыспен қамтудың өсу қарқыны және т.б.байланысты болуы тиіс.

2015-2022 жылдардағы статистиканы қарастыратын болсақ, еліміздегі шағын кәсіпкерліктіңдаму деңгейі оң нәтиже беруде деп айта аламыз. Жалпы, өнім шығару екі есе ұлғайса, соған байланысты өткен жылы 1,9 трлн теңгеге жуық кредит сомасына 51,4 астам жоба қаржыландырып, мемлекет өз көмегін беруде. Осыған байланысты кредиттік портфель 57%-ға ұлғайып, 3,4 трлн теңгені құрады. Одан бөлек, өндірістік инфрақұрылымды жүргізуге 2021 жылы шамамен 1,5 млрд теңге бөлінді, оның есебінен 10 жоба қолдау тапты. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы да белсенді іске асырылуда. Аталған тетік іске қосылғаннан бері облыста 65 млрд теңгеге 317 жоба қаржыландырылды.

«Еңбек» бағдарламасы аясында 2021 жылы шағын несиелеу арқылы жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге 329 кәсіпкер, сондай-ақ 200 АЕК-ке дейінгі сомада 638 грант қолдау тапты. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 1 613 адам оқытылды. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруға ағымдағы жылы облысқа 10,6 млрд теңге бөлінді, оның шеңберінде 1 800-ге жуық жобаны қолдау жоспарланған.

Ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша 857,5 млн теңге сомасына 55 жоба мақұлданды. Бұдан басқа, жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде қаражатты игеруді аяқтау жоспарлануда, оның қорытындысы бойынша 30-ға жуық жоба қолдау көрсетілетін болады [3].

1-сурет. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны
Дереккөз: [2]Қазақстан Республикасының Статистика агентігінің материалы

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін және инфрақұрылым объектілерін қолдау нысандары: қаржылық; мүліктік; ақпараттық; консультациялық; даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласындағы қолдау қарастырылған. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің нақты орналасуы, сондай-ақ, тиісті заңдар мен Үкімет қаулыларының ережелерімен бекітілген оларды мемлекеттік қолдау толығымен негізделген, өйткені олар аумақтың іскерлік белсенділігін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Осы факторлар шеңберіндегі тапсырмалар санына мыналар кіреді:

1. Саяси аспектіде – қоғамның саяси және әлеуметтік тұрақтылығының негізгі кепілі – орта таптың қалыптасуын қамтамасыз ету.

2. Әлеуметтік аспект бойынша – халықтың материалдық әл-ауқатын және оның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, мәдени және рухани дамуға, тұтыну тауарлары мен қызметтері нарығын кеңейту арқылы материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға ықпал ету.

3. Экономикалық аспектіде – жалпы өңірлік өнімді ұлғайту, бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканы дамытуға жәрдемдесу, бюджет кірістері мен бюджеттен тыс қорларды арттыру.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру муниципалды және аймақтық деңгейде де, шағынкәсіпкерлікке қатысты федералды деңгейде де мемлекеттік органдар анықтайтын және реттейтін қолайлы жағдайлар болған кезде мүмкін болады. Осылайша, шағын кәсіпкерлікті заңнамалық реттеу осы қатысушыларға бизнес саласында бағдарлануға және жақсы жұмыс істеуге мүмкіндік береді [4].

Бизнесті дамытуда қолайлы климатты қалыптастырудың маңызды факторы нарықтық инфрақұрылымның: тауар нарығының, қаржы нарығының, еңбек нарығының, жолдардың, байланыстың, көліктің, ақпараттық инфрақұрылымның және т.б. жұмыс істеуі болып табылады.

Халықтың ақшалай табысының төмен деңгейі, азаматтардың сатып алу қабілетінің төмендеуі, инфляцияның жоғары деңгейі де бизнестің дамуына кері әсерін тигізеді. Бақылаушы және қадағалау органдары қызметінің үйлестірілмеуі және сыбайлас жемқорлық та бизнесті дамытудың маңызды тежеуші факторлары болып табылады. Осылайша, шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту көбінесе жоғарыда қарастырылған мәселелерді шешуге байланысты болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Манабаева И. Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы мен артықшылықтары және кемшіліктері: Экономика негіздері.– 2019. – №5. 8-13 б.

3. Шағын және орта бизнес субъектілерін шетелдік несие желісі есебінен қаржыландыру //ҚазЭУ хабаршысы № 2/ 2008 ж. 146-150 б.

4. Қазақстан кәсіпорындарында материалдық ынталандыруды ұйымдастыру //Информациялық-аналитикалық «Саясат» журналы. - Алматы, 2018. - №4. 11 б.

ӘӨЖ 333.32 (574)

Б. Диас, Е. Атибеков
Студент
6В04212 Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: 707.diasz@mail.ru
e-mail: atibekovesim0@gmail.com
Г. Амалбекова
Ғылыми жетекші
"Экономика" кафедрасының доценті, э.ғ.к.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: baken_t@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

Түйін. Мақаланың мақсаты - мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының халықтың тұрғын үйге қолжетімділігіне баға беру. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы тұрғын үйдің қолжетімділігіне талдау жасалды. Қазақстанда халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі мынадай факторларға байланысты өрбиді: халықтың табысы бойынша жоғары стратификация, аймақтық деңгейде тұрғын үй құрылысының қарқыны. Қазақстан өңірлерінде халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері «Өңірлерді дамыту – 2020», «Нұрлы жер», "7-20-25", "Бақытты отбасы", "Шаңырақ" мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын іске асыру арқылы шешілуде.

Тірек сөздер: тұрғын үй, қолжетімділік, мемлекеттік бағдарлама, тұрғын үй мәселелері, мемлекеттік қолдау.

B. Dias, E. Atibekov
6B04212 Public administration and administrative law
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: kaldybai_a@mail.ru
e-mail: marat_d@mail.ru
G. Amalbekova
Research supervisor
candidate of Economic Sciences, Associate Professor
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: baken_t@mail.ru

THE FUTURE OF DEVELOPMENT OF INVESTMENT SUBSIDIZATION OF AGRICULTURE

Abstract. The purpose of the article is to evaluate the access to housing of the population of the state housing construction program. During the research, the availability of housing in the Kazakhstan was analyzed. The provision of housing to the population due to the following factors: high income stratification of the population, the rate of housing construction at the regional level. The problems of providing housing to the population in the regions of Kazakhstan are being solved through the implementation of the state development programs.

Key words: housing, accessibility, state program, region, housing issues.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі халықтың әл-ауқатының ағымдағы деңгейінің демографиялық, әлеуметтік-экономикалық сипаттамаларын, тұрғын үй құрылысы саласындағы бюджеттік-реттеу және несие-қаржы жүйесінің параметрлерін, баға және тариф саясатын көрсететін ең маңызды әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш болып табылады.

Отандық және шетелдік теорияда тұрғын үйге қолжетімділік деңгейін анықтау үшін әртүрлі тәсілдер анықталған, алайда, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешу, ең алдымен, тұрғын үй нарығындағы тұтынушылардың төлем қабілеттілігіне байланысты.

Адамдардың тұрғын үйге қолжетімділік құқығы Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) бағдарламалық құжаттарында қарастырылған, ол адамдардың барлық санаттарының лайықты өмір сүру құқықтарын анықтайды [1].

Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау және ілгерілету жөніндегі Заң жобасы үш құжаттан тұрады:

• Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1948);
• Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (1966);
• Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (1966).

Бұл үш құжат адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын анықтайды және бекітеді, БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі 50-ден астам қосымша конвенцияларына, декларацияларына, ережелері мен принциптеріне негіз болады [1].

БҰҰ анықтаған халықаралық құқық әркімнің лайықты өмір сүру құқығын мойындайды, соның ішінде қолжетімді баспана. Бұл құқықтың жаһандық құқықтық жүйедегі маңызды рөліне қарамастан, миллиардтаған адамдар жеткіліксіз жағдайда өмір сүреді. Дүние жүзіндегі миллиондаған адамдар өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларда өмір сүреді, соның ішінде қараңғы аудандарда, заңсыз қоныстарда немесе адам құқықтары мен қадір-қасиетін қорғамайтын жағдайларда өмір сүреді. Жыл сайын миллиондаған адамдар мәжбүрлі түрде үйлерінен шығарылады.

Қолжетімді баспана мәселесі әрқашан болған, бірақ соңғы кездері әлемде, негізінен, Қытай, Үндістан және Африка мемлекеттері сияқты елдерде халық санының өсуіне байланысты жағдай қиындады, олардың саны жер бетіндегі жалпы халықтың жартысына жуығын құрайды.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы тұрғын үй құрылысы нарығының дамуы мемлекеттің тікелей қатысуымен жүзеге асуда. Қазіргі кезеңде мемлекет Қазақстан экономикасының даму ерекшеліктерін ескермей жылжымайтын мүлік нарығының жұмыс істеуіне ықпал етуге тырысуда. Мұның барлығын отандық ғылыми қауымдастық тарапынан бұл мәселенің толық зерттелмегендігімен сипаттауға болады. Бұл жағдайды қарастыратын болсақ, тұтынушылық және өнеркәсіптік саладағы жылжымайтын мүлік айналымының қарқындылығы мен тиімділігі реттеуші және нарықтық элементтер арасындағы қатынасты анықтаудың дұрыстығына тікелей байланысты деген қорытынды жасауға болады.

2005 жылдан бастап Қазақстан Республикасында тұрғын үй салуға және халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыруға бағытталған алты мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Соңғысы – «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы:

• Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

• Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

• Қазақстан Республикасындағы 2011-2014 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы бағдарламасы;

• «Қолжетімді баспана-2020» бағдарламасы (2014 жылы оның міндеттері жаңа кешенді бағдарлама – Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасының енгізілуіне байланысты жойылды);

• Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы (бағдарлама 2014 жылы қабылданып, 2016 жылдың соңына қарай қолжетімді тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдаудың басымдылығымен «Тұрғын үй құрылысын дамыту» міндетін қамтыды);

• «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы (2016 жылғы 31 желтоқсанда бекітілген).

Бүгінде Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының негізінде «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданып, жүзеге асырылуда. Ол халықтың осал топтарын баспанамен және қолжетімді баспана алу үшін басқа да аймақтарды қамтамасыз етеді. «Бақытты отбасы», 7-20-25, «Әскери баспана» бағдарламалары табысына қарай тұрғын үй сатып алуға жеңілдікті несие береді.

Мемлекеттік бағдарламаларды жергілікті атқарушы органдар мен мемлекет қатысатын ұйымдар жүзеге асырады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру үшін мемлекет тұрғын үй құрылысы аудандарына инженерлік инфрақұрылымды тарту бойынша жұмыс жүргізуде, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін өтеусіз жалға берілетін тұрғын үйлер салу және тұрғын үй құрылысына қатысушылар үшін несиелік тұрғын үй құрылысының көлемін ұлғайту жоспарлануда.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға республикалық бюджеттен, сондай-ақ бюджеттен тыс қордан қаражат бөлінеді (1-кесте). «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға жалпы сомасы 1675,9 млрд теңге қаражат бөлу жоспарланған. 2017 жылмен салыстырғанда мемлекеттік бюджеттен аударылған қаржы 2021 жылы 123,9%-ға артып отыр. Соңғы жылы тұрғын үй құрылысына құйылған жалпы қордың ішінде мемлекеттік бюджеттің үлесі - 16,6% құрайды (1-кесте).

1-кесте.

Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялардың қаржыландыру көздері, млн. теңге

	2017	2018	2019	2020	2021
Барлығы	1 022482	1 201296	1 475500	1 989281	2 434297
соның ішінде қаражаттар есебінен:					
мемлекеттік бюджет	180 864	175 763	250 053	403 189	404 961
соның ішінде					
республикалық бюджет	79 222	65 498	92 609	95 833	75 207
жергілікті бюджет	101 642	110 265	157 444	307 356	329 754
жеке меншік	711 283	952 390	1 168375	1 447269	1 869595
банктердің несиелері	28 845	28 167	19 402	37 518	21 815

олардан:					
шетелдік банктердің несиелері	-	-	-	-	-
басқа да қарыз қаражаттары	101 490	44 976	37 670	101 305	137 926
олардан:					
резидент еместердің қарыз қаражаты	-	-	-	x	-
Дереккөз: [2] *ҚР Ұлттық Статистика Бюросының мәліметі, https://www.stat.gov.kz*					

Тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының оң нәтижесі көрініп тұр. Сонымен қатар, Қазақстанда әлі де баспана тапшылығы сезілуде, баспананың қолжетімділігі мәселесі әлі де шешімін таппай келеді. Өйткені тұрғын үй қоры 2017 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 40,3 млн кв.м ғана артқан. Бұл дегеніміз - қажеттілік артуда, тұрғын үймен қамту сол деңгейде қалып барады (2-кесте). Урбанизация процесінің бөлігі ретінде халық санының тұрақты өсуі және қалаларға көші-қон баспананың қолжетімділігі мәселесінің жаңа инновациялық шешімдерін іздеуді және шетелдік тәжірибеге жүгінуді талап етеді.

2-кесте.
Тұрғын үйдің жалпы алаңы және тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, млн кв.м

	2017	2018	2019	2020	2021
Тұрғын үй қоры - барлығы:	347,4	356,4	364,3	373,3	387,7
ың шінде:					
мемлекеттік	7,5	7,7	7,9	7,9	8,3
жеке	339,9	348,7	356,4	365,4	379,4
Тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, м²	21,6	21,9	22,2	22,6	23,2
Қалалық тұрғын үй қоры :	219,1	226,1	231,4	238,8	250,3
ың шінде:					
мемлекеттік	6,0	6,1	6,3	6,3	6,6
жеке	213,1	220,0	225,1	232,5	243,7
Тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, м²	24,1	24,2	24,7	25,0	25,5
Ауылдық тұрғын үй қоры :	128,3	130,3	132,9	134,5	137,5
ың шінде:					
мемлекеттік	1,5	1,6	1,6	1,6	1,7
жеке	126,8	128,7	131,2	132,9	135,8
Тұратын бір адамға шаққандағы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі, м²	18,2	18,6	18,9	19,3	19,8
Дереккөз: ҚР Ұлттық Статистика Бюросының мәліметі, https://www.stat.gov.kz					

Қолжетімді тұрғын үй құрылысының шетелдік тәжірибесіне жүгінейік.

АҚШ-та ұзақ мерзімді несиелер ең танымал, сондықтан елде ипотекалық несиелендіру бағдарламасы жақсы дамыған. Әлеуметтік тұрғын үй құрылысының дамуы 1937 жылы кедейлерге аз ғана ақыға жалға берілетін баспанамен қамтамасыз етілді. Кейін жергілікті билікке жеке үй иелерінен тұрғын үйді жалға алып, оны әлеуметтік тұрғын үй ретінде пайдалануға рұқсат етілді. Бұл үшін жеке меншік иелері мемлекеттен өтемақы алды. Жалпы табысы аудан бойынша орташа табыстан төмен отбасылар әлеуметтік тұрғын үй алуға өтініш бере алады. Жалдау мөлшерлемесі үй шаруашылығы табысының 30% құрайды.

Испанияда халықтың көп бөлігі меншік иелері. Нарық жеке меншікке бағытталған, негізінен әлеуметтік тұрғын үй сатып алынады. Мемлекетте үйлердің мәртебесін анықтайтын бағдарлама бар – алдағы 30 жылда олар әлеуметтік болып қалады, мемлекет субсидия алу тәртібін реттейді және бұл мүліктің бағасын қатаң белгілейді. Әлеуметтік тұрғын үйге орналасу құқығы кезекте тұрғандар қалалық стадионда жиналып, жеребе арқылы анықталады. Жас отбасыларға 7-17 жылдан кейін сатып алу құқығы мен жалға берілетін тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі беріледі. Әрбір облыста әлеуметтік тұрғын үй құрылысына жер телімдерінің 30 пайызы бөлінген.

Ең қымбат баспана **Ұлыбританияда**, сондықтан қолжетімділік төмен. Жалпыұлттық бағдарлама британдықтарға бағдарламаның басында 50%-дан және соңында 31%-ға дейін жеңілдікпен тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік берді. Ұлыбритания энергия үнемдейтін және экологиялық технологияларды ескере отырып, 10 экоқала салуды жоспарлап отыр. 3 миллионға жуық үй қалаларда орналасқан, оның 500 мыңы муниципалдық. Жас отбасылар үшін сатып алынатын тұрғын үй құнының 17,5% мөлшерінде мемлекеттік субсидия ұсынылады. Бюджеттік мекеме қызметкерлері үшін жеке бағдарламалар бар: үй сатып алу үшін біріккен мұғалімдер тобы несие ала алады.

Германияның тәжірибесі ерекше орын алады. Германияда үлкен мемлекеттік тұрғын үй қоры бар, ол жалға беріледі. Мемлекет пен жеке тұлғаларды біріктіретін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік мемлекеттік тұрғын үй салу бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы әрі жалға қарай береді. Сонымен қатар, құрылысшыларға арнайы тұрғын үй несие агенттіктері мен коммерциялық банктерде жеңілдетілген несиелер

беріледі. Жан басына шаққандағы орташа табыс деңгейіне қарай бөлінген тұрғын үйлердің үш санаты бар - әлеуметтік, жаппай және коммерциялық тұрғын үй [3].

Осылайша, дамыған елдер бүгінде әлеуметтік бағдарламаларды қолдайтындығы сипатталады. Еуроодақ елдеріндегі ауқымды көші-қон процестеріне байланысты халықты арзан әлеуметтік баспанамен қамтамасыз ету мәселесі одан әрі қиындай түседі.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша несиелендірудің қолайлы шарттарына қарамастан, баспанаға мұқтаж халықтың басым бөлігі дәрменсіз. Тұрғын үйге бұрыннан бар қажеттілікті қанағаттандыру үшін, сондай-ақ 2031 жылға қарай халық санының болжамды өсуін ескере отырып, тұрғын үй қорының ауданын қолданыстағымен салыстырғанда кемінде 54%-ға ұлғайту қажет. Осыған байланысты Қазақстанның алдында тұрғын үй құрылысының ауқымды міндеті тұр-2016-2030 жылдар аралығында жыл сайын орта есеппен кемінде 12 миллион м2 тұрғын үйді пайдалануға беру қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша мынадай тетіктер арқылы тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру ұсынылады:

• халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалдамалы тұрғын үй құрылысы;

• азаматтарға коммуналдық инфрақұрылыммен жабдықталған жер учаскелерін беру, типтік құрылыс жобаларын әзірлеу және тегін тарату арқылы жеке тұрғын үй құрылысын қолдау;

• тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылар үшін қолжетімді тұрғын үй құрылысы;

• жеке құрылыс салушыларға пәтерлердің ауданы мен құны шектеулі тұрғын үй салуға жеңілдетілген несие беру арқылы қолжетімді тұрғын үй құрылысын ынталандыру;

• ипотекалық несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету үшін банктерге субсидиялар беру арқылы ипотекалық несиелердің қолжетімділігін арттыру;

• тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры тарапынан азаматтарға жеке құрылыс салушылардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер беру арқылы үлестік тұрғын үй құрылысын қолдау.

ӘДЕБИЕТ

1. United Nations High Commissioner for Human Rights, The right to adequate housing, fact sheet number 21 (Rev. 1), May 2014., 114 p. / Printed at United Nations, Geneva ISSN 1014-5567 GE.09-14883-November 2009-9,245 Reprinted at United Nations, Geneva GE.14-80125-May 2014-2,000. ISSN 1014-5567.

2. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыс қызметі. 2017-2021. Статистикалық жылнамалық. ҚР Ұлттық Статистика Бюросының мәліметі, https://www.stat.gov.kz

3. Журнал Казанская Недвижимость. Как решается жилищный вопрос за рубежом? URL: https://kazned.ru/article/200.

ӘӨЖ 339.722.24 (574):657.92

А. Құрбанәлі, Б. Жөнделбай
Студент
6В04212 Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: ayat.net@mail.ru
e-mail: bzhondelbay@mail.ru
Г. Амалбекова
Ғылыми жетекші
"Экономика" кафедрасының доценті, э.ғ.к.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: baken_t@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫНА БАҒА БЕРУ

Түйін. Мақалада Қазақстанның инвестициялық саясаты мен инвестициялық тартымдылығына баға берілген. Экономиканың энергияға тәуелділігінің жалғасуы, әлемдік нарықтардағы шикізат бағасының төмендеуі тау-кен өндіруші кәсіпорындардың әлемдік нарықтағы бәсекелестік жағдайын төмендетуіне әкеледі. Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға кедергі келтіретін маңызды факторлар мемлекеттің рөлін күшейте отырып, мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті белсендірумен жүйелі көзқарасты талап ететіні дәлелденді. Ұлттық өндірістердің күрделене түсуі жағдайында Қазақстанның инвестициялық саясатты жетілдірудегі қарастырылған тәжірибесі транзиттік экономикасы бар елдердегі трансформациялық өзгерістерді терең зерттеу үшін пайдалы болуы мүмкін.

Тірек сөздер: инвестиция, инвестициялық ахуал, инвестор, инвестициялық тартымдылық.

A. Kurbanali, B. Jondelbay
Student
6B04212 Public administration and administrative law
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: kaldybai_a@mail.ru
e-mail: marat_d@mail.ru
G. Amalbekova
Research supervisor
candidate of Economic Sciences, Associate Professor
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: baken_t@mail.ru

ASSESSMENT OF INVESTMENT ATTRACTIVENESS OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article evaluates the investment policy and investment attractiveness of Kazakhstan. The continued dependence of the economy on energy, the decrease in the price of raw materials in world markets leads to a decrease in the competitive position of mining enterprises in the world market. The important factors preventing the increase of investment attractiveness of Kazakhstan require a role of the state and the activation of public-private partnership. The experience of Kazakhstan in improving investment policy can be useful for in-depth study of transformational changes in countries with transit economies.

Key words: investment, investment climate, investor, investment attractiveness.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында инвестиция тарту елдің экономикасын жаңғыртудың аса маңызды мәселесі болып табылатындығын басып айтты [1].

Инвестициялық климат аймақтық аспекті тұрғысынан облыс экономикасына инвестицияларды тартудың негізгі факторларының бірі, бұл өз кезегінде елдің экономикалық әлеуетінің өсуінің және әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды драйвері болып табылады.

Отандық авторлардың ішінде инвестициялық климаттың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде Қазақстан өңірлерінің қолайлы инвестициялық тартымдылық дәрежесін өз жұмысында бағалаған Б.Т.Бейсенғалиевті атап өткен жөн [2].

Мемлекеттің және тұтастай алғанда экономиканың тұрақты дамуының ең маңызды шарты қолайлы инвестициялық ахуал жасау және әлемдік ынтымақтастық пен алыс және жақын шетел мемлекеттері алдында Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы болып табылады.

Дүниежүзілік банктің түсіндірмесі бойынша инвестициялық климат – бұл нарықтардың жұмысын жақсартуға және бизнесті ашуға, жүргізуге және жабуға байланысты транзакциялық шығындар мен тәуекелдерді азайтуға бағытталған саяси, құқықтық және институционалдық реформаларды жүзеге асыру [3].

Сарапшылардың көпшілігі инвестициялық климат құрылымында аумақтың немесе объектінің инвестициялық тартымдылығы мен олардың инвестициялық белсенділігінің үйлесімін ажыратады деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан, аймақтағы инвестициялық ахуалды жақсартудың жай-күйі мен мүмкіндіктерін бағалау үшін инвестициялық әлеуетті және тәуекелдерді қалыптастыратын факторларды бағалау орынды.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік инвестициялық саясат қолайлы инвестициялық ахуал жасауға, инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, инвестицияларды тарту және ұстап тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Сонымен қатар, институционалдық ортаны жақсарту, мемлекеттің инвестициялық саясатының ашықтығы мен болжамдылығын арттыру инвесторлардың сенімін нығайтудың маңызды факторлары болып табылады және экономикалық белсенділікті арттыруға және экономиканың дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының орта мерзімді мақсатына сәйкес келесідей негізгі міндеттер көрсетілген:

- инвестициялық ахуалды реттеуді жаңғырту және инвесторлардың мемлекетпен өзара әрекеттесуі арқылы жақсарту;
- инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейту арқылы инвестициялық ахуалды жақсарту;
- отандық және шетелдік инвестицияларды белсенді тарту;
- инвестицияларды тарту үшін инфрақұрылымды жақсарту.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін инвестициялық тартымдылық факторларын анықтау және дамыту және олардың аймақтың экономикалық көрсеткіштеріне әсер ету дәрежесін анықтау қажет.

Инвестициялық тартымдылыққа әсер ететін факторларды басқарудың мақсатты әрекеттерінің нәтижесіндегі өзгерістерді бағалау тұрғысынан 3 топқа бөлуге болады [4]:

1. Жеткілікті қысқа мерзімде өзгертуге қабілетті – заңнамалық фактордың аймақтық құрамдас бөлігі;

2. Ұзақ мерзімді келешекте өзгертуге қабілетті – инновациялық фактор, инфрақұрылымдық фактордың технологиялық, әлеуметтік, өндірістік құрамдас бөлігі, еңбек факторының интеллектуалдық құрамдас бөлігі;

3. Өзгермейтін – табиғи ресурстар факторы, табиғи климаттық (географиялық) фактор.

Бүкіл әлемде елдің инвестициялық тартымдылығының көрсеткіші тәуекел дәрежесіне байланысты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктердің инвестициялық рейтингін жариялауы болып табылады. Инвесторлар негізінен осы көрсеткіштерді басшылыққа алады, өйткені олар үшін қызығушылық танытқан елдің инвестициялық ортасын дербес талдау қиынға соғады. Белгілі бір елге инвестиция салмас бұрын инвестор инвестициялық ахуалды жан-жақты зерттеп, барлық күтілетін тәуекелдерді таразылайды, егер жоспарланған табыстылық оларды ақтайтын болса, ол инвестиция салады.

Қазақстан Дүниежүзілік банктің Doing Business 2020 рейтингінде өткен жылмен салыстырғанда 3 позицияға жоғарылап, 25-ші орынға ие болды. S&P Global (2020 жылғы 27 наурыз) және Fitch (2020 жылғы 21 тамыз) жаһандық рейтинг агенттіктері елге BBB тұрақты рейтингін берді, ал Moody's (21 ақпан 2020 ж.) елге Baa3 оң рейтингісін берді.

Елдегі инвестициялық ахуалды жақсарту мәселелері мынадай консультативтік-кеңесші органдар шеңберінде қаралады:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық инвесторлар кеңесі (бұдан әрі – ҰИК) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Мемлекет пен кәсіпкерлердің өзара іс-қимылын белсендіру мақсатында ҰИК жанынан 6 жұмыс тобы, оның ішінде «Қаржыға қолжетімділік және инвестиция тарту» бағыты бойынша жұмыс тобы құрылды.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі (бұдан әрі – ШИК) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Жұмыс органы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің инвестициялық комитеті болып табылады. Бірлескен жұмыс тобының аясында заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру, салық салу, кедендік реттеу, инвестицияларды ынталандыру мәселелері қаралады.

3. Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес (бұдан әрі - ИАЖК) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. ИАЖК Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының басымдықтарына жауап беретін, отандық және шетелдік инвестицияларды тартуға және тиімді пайдалануға қолдау көрсететін бірыңғай инвестициялық саясатын қалыптастырады.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері 330 миллиард долларға жуық тікелей шетел инвестициясын тартты. Сонымен қатар, соңғы 10 жылда ұлттық экономикаға 250,2 миллиард долларға жуық қаражат тартылған. Бұл ретте тікелей шетелдік инвестициялардың ең көп ағыны 2012 жылы – 28,9 млрд АҚШ долларын құраса, 2011 жылы 26,5 млрд АҚШ долларын және 2018 жылы 24,3 млрд АҚШ долларын құрады. 2021 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар өткен 2020 жылға қарағанда 7,9%-ға артты (1-кесте).

1-кесте.

Инвестициялық қызметтің негізгі көрсеткіштерінің серпіні, млн. теңге

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар	Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар
2017	8 770 572	1 022 482
2018	11 179 036	1 201 296
2019	12 576 793	1 475 500
2020	12 270 144	1 989 281
2021	13 242 233	2 434 297
Ескертпе: [5]Статистикалық жинақ. ҚР Ұлттық Статистика Бюросы, 2021. https://stat.gov.kz/		

Негізгі капиталға салынған инвестициялар ағымын аймақтар арасында қарастыру нәтижесі Атырау облысына салынған салым үлесінің 22,0%, Алматы, Астана қалаларына тартылған инвестиция сәйкесінше 9,0% және 9,3%, ал Жамбыл облысының үлесі 3,0% екендігін көрсетеді (2-кесте).

Алайда, тікелей шетелдік инвестициялар ағынының төмендеуі 2019 жылы басталған COVID-19 пандемиясына байланысты екенін атап өткен жөн, бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық деректерінде көрсетілген.

Осылайша, Қазақстанның жаһандық инвестициялық үдерістегі позициясы айтарлықтай күшті болып көрінеді, ал шетелдік инвестицияны тартудың нәтижелері өте табысты. Қол жеткізген жетістіктерге қарамастан, шетел инвестициясын тарту үдерісі қарқынды түрде жалғасуда.

2-кесте.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн. теңге

	2017	2018	2019	2020	2021
Қазақстан Республикасы	8 770 572	11 179 036	12 576 793	12 270 144	13 242 233
Ақмола	264 892	278 177	333 723	436 633	514 683

Ақтөбе	438 049	516 893	598 864	648 036	817 136
Алматы	524 217	578 720	647 330	682 407	733 426
Атырау	2 468 570	3 691 401	4 328 236	3 178 960	2 910 114
Батыс Қазақстан	407 589	450 382	586 265	481 485	428 742
Жамбыл	225 863	264 520	296 398	350 068	398 609
Қарағанды	363 267	489 030	811 433	692 348	796 866
Қостанай	202 289	249 340	288 737	336 599	431 179
Қызылорда	243 100	332 655	400 209	292 344	308 941
Маңғыстау	434 446	504 649	556 558	582 279	629 138
Павлодар	483 795	411 958	494 620	487 154	571 927
Солтүстік Қазақстан	191 689	214 181	234 490	286 251	333 149
Түркістан	271 216	314 114	443 503	705 722	659 114
Шығыс Қазақстан	436 107	494 597	621 913	729 115	834 080
Астана қаласы	956 891	1 067 455	919 107	1 125 211	1 225 027
Алматы қаласы	644 406	732 930	820 449	976 795	1 187 620
Шымкент қаласы	214 186	588 034	194 958	278 737	462 482
Ескертпе: [5] Статистикалық жинақ. ҚР Ұлттық Статистика Бюросы, 2021. https://stat.gov.kz/					

Ұлттық экономиканың инвестиция үшін тартымдылығын арттыру және тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жүйелі жұмыс жолға қойылған. Бұл жұмыс ұлттық экономика үшін басым секторлардағы инвестициялық жобаларды қолдауды да қамтиды. Бұл республиканың бүкіл ресурстық, технологиялық, инновациялық, адами және көліктік әлеуетін пайдалануға мүмкіндік беріп қана қоймай, өз кезегінде жаңа өндірістерді ашудың және жаңа жұмыс орындарын құрудың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылады, сонымен қатар Қазақстанға ТОП-30 әлемдегі ең дамыған елдер қатарына кіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://akorda.kz/
2. Бейсенгалиев Б.Т. Инвестиционный потенциал и инвестиционная активность Республики Казахстан// Известия Национальной академии наук Республики Казахстан, №302, 2015. 84-90 б.
3. Investment Climate Reforms: An Independent Evaluation of World Bank Group Support to Reforms of Business Regulations // 04.05.2021.
4. Мягшин В.Н. Факторы инвестиционной привлекательности региона и их оценка // №4, (314) 2014.
5. Статистикалық жинақ. Ұлттық статистика бюросы. 2022ж.

ӘӨЖ 63:339.722.24

Ә. Жолынбетов, Д. Ешенбеков
Студент
6В04212 Мемлекеттік қызмет және әкімшілік құқық
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: zholynbetov@list.ru,
e-mail: darynesenbekov7@gmail.com
Г.Амалбекова
Ғылыми жетекші
"Экономика" кафедрасының доценті, э.ғ.к.
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз, Қазақстан
e-mail: baken_t@mail.ru

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СУБСИДИЯЛАНДЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

Түйін. Мақалада мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыты ретінде ауылшаруашылығының қазіргі жағдайын, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенді дамытуды қарастырылған. Бұл мәселенің өзектілігі Қазақстан экономикасының аграрлық секторын одан әрі дамыту қажеттілігімен, сондай-ақ Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді шешумен байланысты. Қазақстан әрқашан ауыл шаруашылығына бағдарланған ел болып қала береді. Соңғы онжылдықтағы маңызды жетістіктердің қатарында экономиканың аграрлық секторын кезең-кезеңмен алып тастау екі себеппен негізделді: біріншіден, мемлекеттік емес меншік нысанының дамуы (19,6 мың шаруа қожалықтары), екіншіден, белсенді мемлекеттік қолдау.

Тірек сөздер: ауылшаруашылығы, агро-өнеркәсіптік кешен, мемлекеттік қолдау, инвестиция, субсидия.

A. Jolynbetov, D. Eshenbekov
Student
6B04212 Public administration and administrative law
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: zholynbetov@list.ru,
e-mail: darynesenbekov7@gmail.com
G. Amalbekova
Research supervisor
candidate of Economic Sciences, Associate Professor
Taraz Regional University named after M.Kh.Dulaty,
Taraz, Kazakhstan
e-mail: baken_t@mail.ru

THE PROBLEMS AND FUTURE OF DEVELOPMENT OF INVESTMENT SUBSIDIZATION OF AGRICULTURE

Abstract. In the article considers the current state of agriculture as the most important direction of state policy. The urgency of this issue is related to need for further development of the agrarian sector of Kazakhstan's economy, solving the tasks set forth by the Head of State. Kazakhstan has always will remain an agriculture-oriented country. Among the important achievements of the last decade, the gradual removal of the agrarian sector of the economy was justified by two reasons: the development of non-state property (19.6 thousand farms), and active state support.

Key words: agriculture, agro-industrial complex, state support, investment, subsidy.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев өзінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: "Ауыл шаруашылығын дамыту - негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Субсидия бөлуге және оның жұмсалуына жүргізілетін бақылауды күшейту керек"- деді [1].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау тәсілдері өнімділікті арттыру, терең өңдеу және озық агротехнологияларды енгізу мақсатында қайта бағдарлануы тиіс [2].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында COVID-19 пандемиясынан туындаған өзгерген сыртқы жағдайлар мен бюджеттік шектеулер және мұнай бағасының төмендеуі агроөнеркәсіптік реформаны жүргізу және мемлекеттік ресурстарды неғұрлым ұтымды бөлу қажеттілігін туғызатыны көрсетілген. Бұл реформа ауыл шаруашылығының бюджеттік саясатын саланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуге қайта бағдарлауға негізделуі тиіс дегенді білдіреді. Экономиканың ең басым секторларының бірі бола отырып, ауыл шаруашылығы саласын өткізу нарықтарын ұлғайту үшін де, жалпы өндірісті ұлғайту үшін де дамудың жоғары әлеуеті бар. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы негізгі тежеуші факторлардың бірі маусымдық және табиғи-климаттық факторларға тәуелділікпен байланысты өндірістің жоғары тәуекелділігі болып табылады. Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобаларды іске асыру ұзақ өтелу мерзімімен және инвестициялардың жоғары капитал сыйымдылығымен сипатталады.

Бұл мәселені шешу үшін, сондай-ақ саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін 2014 жылдан бастап «Агробизнес-2017» салалық бағдарламасы аясында әзірленген жаңа қаржы құралы – АӨК субъектілерін инвестициялық субсидиялау жүзеге асырылуда [3].

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ережелеріне сәйкес субсидиялаудың бұл түрі оң тексерілген, дәлелденген қолдау шарасы ретінде жіктеледі, оны қаржыландыру және пайдалану келесі жылдары ұлғайту жоспарлануда [4].

Сонымен бірге, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімділігі Қазақстанда да, әлемдік ғылыми қоғамдастықта да көптеген зерттеулердің өзекті тақырыбы болып қала береді.

Отандық заңнамаға сәйкес субсидиялау деп бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын өтеусіз және қайтарымсыз негізде нақты субсидия алушыларды қаржыландыру түсініледі [5].

Бұл ретте субсидиялардың тиімділігі туралы түсінік заңдарда немесе кодекстерде бекітілмеген.

2019 жылдың 1 ақпанынан бастап мемлекеттік қызмет – инвестициялық субсидиялау автоматтандырылды және электронды түрде көрсетіледі. Сонымен, өтінімдерді қабылдау және нәтижелерді шығару Qoldau.kz веб-порталында жүзеге асырылады. Өтінім электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған жағдайда берілуі мүмкін.

Qoldau.kz субсидиялау ақпараттық жүйесінің мәліметінше, 2021 жылы бағдарламаны жүзеге асыру арқылы ауыл шаруашылығы саласына 370 миллиард теңгеден астам қаржы тартылған.

2021 жылы инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асыруға 104,4 млрд теңге қарастырылды (жергілікті деңгейде орындау 104,3 млрд теңгені құрады), бұл ауыл шаруашылығының 24 189 инвестициялық жобасын субсидиялауға және 20 183 жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

Инвестициялық субсидиялар агроөнеркәсіп кешенінің 34 басым бағытын қамтиды. Инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асырудың жыл сайынғы тәжірибесі көрсеткендей, бюджет қаражатының негізгі бөлігі, орташа алғанда, 50% ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартуға келеді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша мал шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобаларды субсидиялауға шамамен 13,3 миллиард теңге немесе 13%, өсімдік шаруашылығы саласындағы жобаларды қолдауға 23 миллиард теңге немесе 22%-ы бағытталды.

2022 жылға инвестициялық субсидиялау бағдарламасын жүзеге асыруға 72,1 млрд теңге бөлінді. 2022 жылға несиелеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алу лизингінің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыруға жалпы сомасы 43,2 млрд теңге бөлінді.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешеніне салынған инвестиция бір жылда 40%-дан астамға өсті. Күрделі салымдардың 96%-ы кәсіпорындардың меншікті қаражаттары мен банктік емес несиелер есебінен қамтамасыз етілген. (1-кесте).

2021 жылғы қаңтар-тамызда ауыл, орман және балық шаруашылығына негізгі капиталға салынған инвестиция 427 млрд теңгені құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан 46,2%-ға артық.

1-кесте.

Негізгі капиталға инвестиция. Ауыл, орман және балық шаруашылығы. Қаңтар-тамыз (млрд тг)

Көрсеткіштер	2021/08	2010/08	Өсімі %
Барлығы	427,0	292,0	46,2
Меншікті қаражаттар	291,9	203,1	43,8
Қарыз қаражаттар	116,6	66,1	76,3
Банк несиелері	18,5	22,8	-19,1
Жергілікті бюджет	-	0,003	-
Дереккөз: ҚР Ұлттық Статистика Бюросының мәліметі, https://www.stat.gov.kz			

Нақты көлемдегі нақты өсім 43,2% құрады. Инвестициялардың барлық дерлік көлемі өсімдік және мал шаруашылығына бағытталған: ел бойынша: 99,4% немесе 424,4 млрд. Оның ішінде бір немесе екі жылдық дақылдарды өсіру сегментіне 278,1 млрд теңге, мал шаруашылығына 98,2 млрд теңге, аралас егін шаруашылығына 38,9 млрд теңге, көпжылдық дақылдарды өсіру саласына 7,8 млрд теңге, 1,4 млрд теңге инвестиция құйылды. Qoldau.kz субсидиялау ақпараттық жүйесінің мәліметінше, 2021 жылы мақсатты берілген инвестициялық субсидия 2020 жылға қарағанда 8,0%-ға төмен, ал 2018 жылға қарағанда 821,7%-ға өскен. Төрт жылда 698 209439514 теңге көлемінде инвестициялық субсидиялау жүзеге асырылды (1-сурет).



1-сурет. 2018-2021жж. аралығында орындалған инвестициялық субсидиялау
Дереккөз: https://subsidies.qoldau.kz

Дегенмен, бүгінгі таңда субсидиялау басымдылығының ашықтығына, сондай-ақ шаруалардың субсидияларды мақсатты пайдалануына байланысты қиындықтар бар.

Ауылшаруашылығын инвестициялық субсидиялау жағдайын зерттеу нәтижесі келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Агроөнеркәсіптік кешен нарығының әртүрлі бағыттарына теріс әсер етуі мүмкін шамадан тыс субсидиялау тәуекелдері бар:

1. Осы проблемаларды шешу жалпы агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауды бағалаудың ашық, дәлелді, өзекті әдістемесін әзірлеу болуы тиіс.

2. Мұндай бағалаудың сенімділігі мен өзектілігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығында тиісті ашық көлемді статистикалық деректердің болмауына байланысты мәселелерді шешу қажет. Бұл, өз кезегінде, пайдаланушыларға (фермерлерге, лауазымды тұлғаларға, ғылыми қызметкерлерге, азаматтарға) арналған автоматтандырылған ақпараттық платформаға негізделген ауыл шаруашылығы статистикасының жүйесін әзірлеуді талап етеді.

3. Саладан қаражаттың кетуі мәселесін шешу үшін бизнеске қарсы міндеттемелерді, сондай-ақ субсидияларды беру және мақсатты пайдалану бойынша цифрлық шешімдерді енгізу қажет. Осындай шешімдердің бірі субсидиялармен қамтамасыз етілген электрондық ақшаны шығару болуы мүмкін, бұл kaspi қызметтеріне ұқсас жоба табысты болып, агроөнеркәсіптік кешен нарығында қаражаттың қолжетімділігі мен айналымын арттыруы мүмкін деп ойлаймыз.

4. Инвестицияларды субсидиялау тетігінің жоғары әлеуеті бизнес үшін өзара міндеттемелерді енгізу, ауыл шаруашылығы және азық-түлік нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жобалардың паспорттары мен субсидиялау бағыттарын оңтайландыру сияқты перспективалы салаларда жатыр.

5. Сонымен қатар, инвестициялық субсидиялау тетігін жетілдіру мақсатында мыналарды көздеу ұсынылады:

- құрылысқа қатысты құжаттаманы бекіту, беру, тіркеудің барлық кезеңдері үшін автоматтандырылған жүйелерге қол жеткізу;
- атқарушы орган қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін стандарттау, ауыл шаруашылығы басқармасындағы жүктемені қайта бөлу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында субсидияларды көбейту тәжірибесінен бас тарту;
- өңірлерде тиімді және сапалы бюджетті жоспарлауға мүмкіндік беретін цифрлық шешімдер.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://akorda.kz.
2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы https://adilet.zan.kz.
3. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі "Агробизнес-2017" бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 07.11.2016 № 668 қаулысы. https://adilet.zan.kz.
4. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017- 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысы. //https://adilet.zan.kz.
5. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заң. //https://adilet.zan.kz.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің "Жаһандық өзгерістер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері" атты IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы

17-18 қараша 2022 жыл

Сборник материалов
IX Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы науки и образования в условиях глобальных изменений» посвященной
Дню Независимости Республики Казахстан.

17-18 ноября 2022 года

Collection of materials
IX International Scientific and practical Conference "Actual problems of science and education in the context of global changes" dedicated to the 30th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan.

November 17-18, 2022

ISBN 978-601-270-571-3

Ответственные редакторы:
Успанова М., д.э.н., проректор по научной и инновационной деятельности КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Тусупова А.С., ведущий специалист отдела стратегии и мониторинга КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Редакционная коллегия:
Чакликова А. Т., д.п.н., проректор по учебной работе КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Издательство не несет ответственности за содержание авторских материалов и не предоставляет гарантий в связи с публикацией фактов, данных, результатов и другой информации

Подписано в печать 19-20 ноября 2022 года
Гарнитура «Times New Roman. MS Minsho»
Формат 70x90 1/8. Объем 65,75 п.л. Заказ №3223. Тираж 150 экз.
Сверстано и отпечатано в издательстве «Полилингва»
При КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Издательство «Полилингва» КазУМОиМЯ имени Абылай хана
050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, вн. 21-19
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru